

ЕАЭО МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ  
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА  
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ  
ТУРАЛЫ ЕСЕП

2019 жыл  
III тоқсан

ӘОЖ 334  
КБЖ 65.290  
Е-11

**Е-11**      **ЕАЭО мемлекеттеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есеп. 2019 ж. III тоқсан**  
– Нұр-Сұлтан, 2019. - 102 бет.

ISBN 978-601-7596-17-0

Аталған есеп ЕАЭО мүше мемлекеттердегі шағын және орта кәсіпкерлік саласында 2019 жылдың III тоқсанындағы жағдай бойынша ақпараттық сүйемелдеу мақсатында дайындалған. Аталған есепте қолданылған барлық мәліметтер анық әрі ашық ақпарат көздеріне сүйене отырып дайындалған. Есепте келтірілген деректер тәуелсіз және бизнес саласындағы жеке сарапшылардың пікірін есепке ала отырып, мемлекеттік ашық мәліметтер базасынын алынған.

**ӘОЖ 334**  
**КБЖ 65.290**

## ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

<b>ЕАЭО</b>	Еуразиялық Экономикалық Одақ
<b>ЕЭК</b>	Еуразиялық Экономикалық Комиссия
<b>ДБ</b>	Дүниежүзілік банк
<b>ОА</b>	Орта Азия
<b>АР</b>	Армения Республикасы
<b>БР</b>	Беларусь Республикасы
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>РФ</b>	Ресей Федерациясы
<b>ФО</b>	Федералдық округ
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>ҰЭМ</b>	Ұлттық экономика министрлігі
<b>ШОК</b>	Шағын және орта кәсіпкерлік
<b>ШОКС</b>	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
<b>ШОБ</b>	Шағын және орта бизнес
<b>ШК</b>	Шағын кәсіпкерлік
<b>АҚ</b>	Акционерлік қоғам
<b>ЖШҚ</b>	Жауапкершілігі шектеулі қоғам
<b>ЖШС</b>	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
<b>ЖК</b>	Жеке кәсіпкер
<b>ШҚ</b>	Шаруа қожалығы
<b>БЖК-2020</b>	Бизнестің жол картасы-2020

# КІРІСПЕ

ЕАЭО қатысушы мемлекеттердегі шағын және орта кәсіпкерлік дамуының талдауы ШОК жетістіктерінің маңызды көрсеткіштеріне жауап беретін Қазақстанның мемлекеттік құрылымдарына да, сондай-ақ, атап айтқанда қазақстандық кәсіпкерлер үшін, сонымен қатар жалпы ЕАЭО барлық мүшелері үшін де маңызды рөл атқарады.

Мемлекет ШОК дамуы саласындағы интеграциялық бірлестіктер бойынша серіктестердің оң тәжірибесін зерделейді, ал кәсіпкерлер ЕАЭО елдерінің нарығында айтарлықтай сенімді шығуына мүмкіндік беретін пайдалы ақпаратқа қол жеткізеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы ұлттық экономикалардың тұрақты және қарқынды дамуы үшін маңыздылығын ескере отырып, ЕАЭО барлық елдері кәсіпкерлік ортаны жақсарту мен бизнес жүргізу процедураларын жеңілдетуге қатысты кешенді шараларды жоспарлы түрде жүргізеді. Бизнес жүргізуді жеңілдеткен елдерді салыстыру мақсатында Дүниежүзілік Банк жыл сайын бизнесті жеңілдетуге жасалған жағдайларды негізгі он бағыт бойынша бағалайтын «Doing Business» есебін жариялайды. Бұл көрсеткіштер бойынша жағдай үнемі өзгеріп отырады.

Дүниежүзілік банктің 2019 жылғы мәліметтеріне сәйкес Еуропа және Орта Азия өңірлеріне жататын ЕАЭО-дегі екі ел жүргізілген реформалар саны жағынан айтарлықтай нәтижелерге қолжеткізген елдер қатарына енді: Армения (5 реформа), сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасы (әрқайсысында 4 реформа).

Бұл ретте, бизнесті ашудың қарапайымдылығы, бизнесті дамытуға және бизнестің осы мақсаттарға кредит алуын жеңілдеткен экономикалық реформа-

лар 2019 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша ДБ соңғы есебінде көрініс тапты. Бұл есепте орталықафрикалық мемлекеттер мен Орта Азия елдеріне әлемдегі барлық реформалар санына қарағанда ШОК саласындағы реформалардың 64%-ы тиесілі.

Бизнесті жүргізу жағдайларының жақсаруына ұлттық мемлекеттер үкіметтерінің бизнес-қоғамдастықпен мақсатты түрде ынтымақтаса бірлесіп жүргізген, ЕАЭО елдерінің заңнамалық мен нормативтік-құқықтық актілеріне енгізген өзгертулері арқасында қол жетті.

Қазақстанда кәсіпкерлік әлеуетті күшейту мақсатында 2018 жылдың тамызында бекітілген «БЖК-2020» мемлекеттік бағдарламасының жаңа мәтінінде ШОК қаржылай емес қолдау көрсету аясында ЕАЭО мүше-мемлекеттерде кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын түсіндіру инструментін тұрақты түрде қолдану қарастырылған.

Аталған есептің міндеті – 2019 жылдың үшінші тоқсанында ЕАЭО елдерінде шағын және орта кәсіпкерліктің көрсеткіштеріне қысқаша талдау жүргізу, кәсіпкерлік қызмет жүргізілген макроэкономикалық ортаға және қарастырылып отырған кезеңде ЕАЭО елдерінде кәсіпкерлік саласындағы заңнамаларға енгізілген өзгертулерге шолу жасау.

Сондай-ақ бұл есепте ортақ экономикалық одақ кеңістігіндегі кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігінің көрсеткіші болып табылатын, сыртқы және өзара сауда статистикасына аса мән берілген.

Атап өтетіні, ақпарат ЕАЭО қатысушы-мемлекеттердің ұлттық статистикалық мәліметтері, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының есебіне негізделген.

# 1

## 2019 жылдың III тоқсанындағы ЕАЭО елдерінде шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері

### 1.1.



#### 1.1. Қырғыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері







## 1.1.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Қырғыз Республикасындағы макроэкономикалық жағдай

Өндірістік әдіспен есептелген, Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) алдын ала бағалау бойынша 2019 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 398,4 млрд сомды құрады және бұл 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 6,1 пайызға көтерілген.

«Құмтор» кен орнын жүргізуге қатысты кәсіпорындарды есепке алмағанда ЖІӨ нақты өсімі 3,2 пайызды құрады, **1.1.1-кесте қараңыз.**

### 2019 ж. қаңтар-қазандағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер

	<b>ХАЛЫҚ</b> Халық 01.10.2019 ж., млн адам	<b>6,5</b>		<b>ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ</b> қаңтар-қыркүйек 2019 ж. көрсеткіш 2018 ж. қаңтар-қыркүйегіне % қатысты	<b>105,7</b>
	<b>АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ</b>	<b>101,8%</b>		<b>НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР</b> қаңтар-қыркүйек 2019 ж. көрсеткіш 2018 ж. қаңтар-қыркүйегіне % қатысты	<b>106,3</b>
	<b>ӨНЕРКӘСІП</b> Өнеркәсіп Нақты көлем индексі	<b>114,0%</b>		<b>ИНФЛЯЦИЯ</b> желтоқсан 2018 ж.	<b>1,2</b>
	<b>ЭКСПОРТ</b> қаңтар-қыркүйек 2019 ж. көрсеткіш 2018 ж. қаңтар-қыркүйегіне қатысты	<b>111,7%</b>		<b>ИМПОРТ</b> қаңтар-қыркүйек 2019 ж. көрсеткіш 2018 ж. қаңтар-қыркүйегіне % қатысты	<b>92,7%</b>

**Дереккөз:** Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

Атаулы ЖІӨ құрылымында тауар шығарушы салалардың үлесі 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 2,6 пайызға өсіп, 41,2 пайызды құрады. Бұл ретте өнеркәсіп үлесі 2,2 пайыздық тармаққа өсіп, 20,4 пайызды құрады, ал құрылыстың үлесі сәйкесінше 0,4 пайыздық тармаққа өсіп, 7,4 пайызды құрады.

### ЖІӨ ай сайынғы қарқыны (ағымдағы нарық бағасында)

	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайыздық көрсеткіш			
	2018	2019	2018	2019
Қаңтар	29 481,8	30 243,4	102,4	106,4
Қаңтар-ақпан	63 617,4	63 009,2	103,0	104,9
Қаңтар-наурыз	102 353,2	104 527,3	101,2	105,3
Қаңтар-сәуір	139 788,0	149 622,6	101,1	105,7
Қаңтар-мамыр	178 522,5	183 750,0	100,6	105,6
Қаңтар-маусым	222 633,7	232 560,1	100,3	106,4
Қаңтар-шілде	269 272,2	284 417,0	99,9	106,9
Қаңтар-тамыз	321 193,1	334 566,6	100,0	106,2
Қаңтар-қыркүйек	380 057,8	398 393,0	101,2	106,1

**Дереккөз:** Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті.



**Қаңтар-қыркүйектегі экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ өндірісі**  
(ағымдағы нарық бағасында)

	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайыздық көрсеткіш			
	2018	2019	2018	2019
<b>ЖІӨ</b>	<b>380 057,8</b>	<b>398 393,0</b>	<b>101,2</b>	<b>106,1</b>
Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы	51 036,2	53 489,4	102,3	101,8
Өнеркәсіп	69 131,3	81 104,0	98,0	116,8
Пайдалы қазбаларды өндіру	3 811,9	3 435,7	107,3	117,1
Өңдеу өндірісі (Өңдеу өнеркәсібі)	55 745,2	68 515,9	96,0	119,9
Электр энергиясымен, газбен, бумен және ауа баптауды қамтамасыз ету	8 502,7	8 043,4	102,5	97,7
Сумен жабдықтау, тазалау, қалдықтарды өңдеу және қайталама шикізат	1 071,5	1 109,0	133,3	103,8
Құрылыс	26 586,4	29 303,1	104,0	109,0
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу	62 923,2	65 710,4	104,5	104,3
Көлік қызметі және жүк сақтау	15 501,1	16 229,2	104,6	105,1
Қонақ үй және мейрамхана қызметі	5 918,7	6 259,4	106,9	107,0
Ақпарат және байланыс	12 419,2	12 920,0	92,5	102,9
Қаржылай делдалдық және сақтандыру	1 578,5	1 578,5	101,6	101,9
Жылжымайтын мүлік операциялары	10 317,5	10 346,8	98,8	99,4
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	6 136,7	6 171,0	100,1	100,3
Әкімшілік және қосалқы қызмет	1 796,2	1 796,2	101,8	101,6
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	22 318,7	24 207,3	98,7	100,2
Білім беру	20 921,4	22 094,7	101,4	100,6
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	8 537,4	4 558,8	100,1	101,3
Өнер, сауық құру және демалыс	1 837,8	1 905,4	101,5	100,9
Басқа да қызмет көрсету қызметі	4 116,0	4 247,9	100,9	101,3
Өнімге салынатын таза салық (субсидияны есептен шығарғанда)	58 981,5	56 470,9	101,2	106,1

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті.


Атаулы ЖІӨ құрылымында тауар шығарушы салалардың үлесі 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 2,6 пайызға өсіп, 41,2 пайызды құрады. Бұл ретте өнеркәсіп үлесі 2,2 пайыздық тармаққа өсіп, 20,4 пайызды құрады, ал құрылыстың үлесі сәйкесінше 0,4 пайыздық тармаққа өсіп, 7,4 пайызды құрады.

Қызмет көрсететін салалардың үлесі 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда ЖІӨ жалпы көлемде 1,3 пайыздық тармаққа азайып, 44,6 пайызды құрады. Бұл ретте, басқа да қызмет түрлерінің үлесі 1,1 пайызға азаюына байланысты төмендеп, ЖІӨ жалпы көлемінде 19,3 пайызды құрады, сондай-ақ ақпарат және байланыс сәйкесінше 0,1 пайыздық тармаққа азайып, 3,2 пайызды құрады. Бөлшек және көтерме сауда, автомобиль және мотоцикл жөндеу үлесі 0,1 пайыздық тармаққа төмендеп, 16,5 пайызды құрады.

**Қаңтар-қыркүйекте тауарлар мен қызметтердің өндірісі**  
(ағымдағы нарық бағасында)


	млн. сом		Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайыздық көрсеткіш	
	2018	2019	2018	2019
ЖІӨ нарық бағасында	380 057,8	398 393,0	101,2	106,1
Тауарлар өндірісі	146 753,9	163 896,5	100,6	110,2
Қызметтер өндірісі	174 322,4	178 025,6	101,7	102,7
нарықтық	120 146,5	124 863,3	102,5	103,7
нарықтық емес	54 175,9	53 162,3	100,0	100,3
Өнімге салынатын таза салық (субсидияны есептен шығарғанда)	58 981,5	56 470,9	101,2	106,1

**Қаңтар-қыркүйектегі негізгі экономикалық көрсеткіштердегі өзгерістер**  
(өткен жылғы сәйкесінше кезеңге пайыздық қатынасы)





**Жалпы ішкі өнім қарқыны**  
(өткен жылғы сәйкес кезеңге пайыздық қатынасы)



Соңғы пайдалану (шығыс) әдісіне шақталған, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2019 ж. I жартыжылдығында алдын ала мәліметтер бойынша 232,6 млрд сомды құрады. Оның нақты көлемінің индексі 2018 ж. I жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 106,4 пайызды құрады. ЖІӨ индекс-дефляторы 2019 ж. I жартыжылдықта 2018 ж. I жартыжылдықтағы бағамен салыстырғанда 98,2 пайызды құрады.

**Соңғы пайдалану (шығыс) әдісіне шақталған ЖІӨ**  
(ағымдағы нарық бағасына)

	млн. СОМОВ		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	
	2018	2019	пайыздық көрсеткіш	2019
I тоқсан	102 353,2	104 527,3	101,2	105,3
II тоқсан	120 280,5	128 032,8	99,6	107,3
I жартыжыл	222 633,7	232 560,1	100,3	106,4

Алдын ала мәліметтер бойынша, соңғы тұтынуға арналған шығыс 2019 ж. I жартысында 2018 ж. I жарты жылдығындағы көрсеткішпен салыстырғанда 2,0 пайызға өсті, оның ішінде үй шаруашылығының шығысы – 2,5 пайызға және мемлекеттік мекемелер – 0,3 пайызға өсті.

Мемлекеттік басқару секторындағы ұжымдық тұтынуға шығыстар 0,6 пайызға төмендеді. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2019 ж. I жартыжылдығында 2018 ж. I жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 12,3 пайызға артты.

**Өнеркәсіп. 2019 ж. 9 айында өнеркәсіптік кәсіпорындарда** 196 199,6 млн. сомға өнім шығарылған, нақты көлем индексі 2018 ж. қаңтар-қыркүйекте 116,5 пайызды құрады. Бұл “Құмтор” кен орнындағы 104 458,0 млн. сомды немесе 98,5 пайыздағы өндірісті қоспағанда 2019 ж. тамызында – 136,6 пайызды құрады, ал нақты көлем индексі 2018 ж. Қыркүйекте 112,9 пайызды құрады, бұл “Құмтор” кен орнындағы 12 329,1 млн., немесе 101,6 пайыздағы кәсіпорындарды қоспағанда.

**2019 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі**  
(млн. сом)

	2018		2019	
	қыркүйек	қаңтар-қыркүйек	қыркүйек	қаңтар-қыркүйек
<b>Барлығы</b>	<b>21 458,8</b>	<b>169 067,3</b>	<b>26 516,9</b>	<b>196 199,6</b>
Пайдалы қазба өндірісі	1 535,6	10 791,4	1 726,5	12 443,6
Өңдеу өндірісі	17 642,5	129 932,0	22 495,8	156 544,5
Электр энергиясымен, газбен, бумен және ауа баптауды қамтамасыз ету	2 051,1	26 474,4	2 069,2	25 171,4
Сумен жабдықтау, тазалау, қалдықтарды өңдеу және қайталама шикізат	229,6	1 869,5	225,4	2 040,1

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Өнеркәсіп өнімдері көлемінің өсімі негізгі металлдар, резеңке және пластмас бұйымдары, металлға жатпайтын минералдық өнімдер, көлік құралдары, сондай-ақ пайдалы қазбалар өндіру өндірісінің артуымен байланысты болды.

Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы. 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 167 625,9 млн. сом мөлшерінде орналасты, бұл жерде нақты көлем индексі 101,8 пайызды құрады.

**Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдері нақты көлемінің индексі**

	Пайызда			
	Өткен жылғы тиісті кезеңге		Өткен айға	
	2018	2019	2018	2019
қаңтар	100,4	101,7	-	-
ақпан	100,6	101,8	105,6	105,7
Қаңтар-ақпан	100,5	101,7	-	-
Наурыз	100,9	102,0	104,6	104,9
Қаңтар-наурыз	100,6	101,8	-	-
сәуір	100,5	101,6	110,5	110,0
Қаңтар-сәуір	100,6	101,8	-	-
Мамыр	101,0	101,4	122,0	121,7
Қаңтар-мамыр	100,7	101,7	-	-
Маусым	101,9	101,8	144,5	145,1
Қаңтар-маусым	101,1	101,7	-	-
Шілде	102,7	102,2	187,6	188,4
Қаңтар-шілде	101,6	101,9	-	-
Тамыз	103,4	100,7	93,2	91,8
Қаңтар-тамыз	102,1	101,6	-	-
Қыркүйек	103,7	102,2	166,9	169,4
Қаңтар-қыркүйек	102,6	101,8	-	-


Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің жалпы көлемі ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйекте мал шаруашылығының өнімі 44,5 пайызды, өсімдік шаруашылығы – 52,9 пайызды, орман және балық шаруашылығы – 0,2 пайызға және қызметтер – 2,4 пайызды құрады.


Шаруа (фермерлік) шаруашылық және азаматтардың жеке үй шаруашылығының үлесі жалпы өнім көлемінде 95,9 пайызды құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарудағы жалпы көлем өсімі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда негізінен мал шаруашылығында да (2,2 пайыз), өсімдік шаруашылығы өнімінде де (1,4 пайыз) артты.

**Қаңтар-қыркүйекте аймақ бойынша өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлемінің индексі**  
(өткен жылғы сәйкесінше кезеңге пайыздық қатынасы)



**Қаңтарда ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің нақты көлемінің индексі**  
(өткен жылғы сәйкесінше кезеңге пайыздық қатынасы)



**Құрылыс.** Құрылыс саласындағы 2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі жалпы өнімнің көлемі 91 372,4 млн. сомды құрады, яғни бұл 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 9,0 пайызға көп. Ағымдағы жылдың қыркүйегінде өткен жылғы қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда оның көлемі 14,2 пайызға артып, 18 355,3 млн. сомды құрады.

2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 2018 ж. сәйкесінше кезеңмен салыстырғанда негізгі капиталдағы инвестиция 6,3 пайызға (салыстырмалы бағада) артып, ағымдағы жылдың қыркүйегінде 90 034,1 млн. сомды, сәйкесінше 6,9 пайызға және 16 527,2 млн. сомды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде негізгі қорлардың әрекетіне 27 269,6 млн. сом қосылды, бұл ретте игерілген инвестицияның бір сомы негізгі қорлардың 0,30 сомын (0,22 сом – 2018 ж. қаңтар-қыркүйекте) құрады.

2018 ж. қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы нысандарының құрылысына салынған инвестицияларды игеру деңгейі 19,2 пайызға артты. Қаржыландыру негізінен шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек, республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ халық қаражаты (93,7 пайыз) есебінен жүзеге асты. Өткен кезеңде 3,60 шақырымға созылған жаға бекіту құрылысы, 10,80 шақырымға созылған жер суару каналдары іске қосылды.

Пайдалы қазба өндірісі нысандарының құрылысына арналған негізгі капиталға салынған инвестиция игері деңгейі 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте өткен жылғы сәйкесінші кезеңмен салыстырғанда 14,3 пайызға артты. Қаржыландыру кәсіпорындар мен ұйымдар, шетел кредиттері, сондай-ақ тікелей шетел инвестициялары есебінен жүргізілді.

2018 ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда өңдеу өндірісінің нысандарының құрылысына салынған инвестицияның игерілгені 38,7 пайызға төмендеді. Қаржыландыру негізінен шетелдік кредиттер, кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ тікелей шетелдік инвестициялар (94,0 пайыз) есебінен жүргізілді.

Электр энергиясын, газ, бу және ауа баптауды қамтамасыз етуге арналған нысандардың қайта құрылысына бағытталған игерілген қаражат көлемі 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 22,3 пайызға төмендеді. Бұл ретте құрылыс кәсіпорындар мен ұйымдар, тікелей шетел инвестициялары, сондай-ақ шетелдік кредиттер (97,1 пайыз) есебінен жүргізілді.

Өткен кезеңде 10/4 кВ қуаттылықтағы жиынтық трансформаторлық қосалқы станция, 147,95 шақырымда 0,4 кВ қуаттылықта электр тарату желісі, 6-20 кВ - 73,90 шақырымда іске қосылды.

Сумен жаюдықтау, тазарту және қалдықтарды өңдеу нысандарының құрылысына бағытталған инвестициялар көлемі 5,4 есе артты. Бұл ретте инвестицияның негізгі көлемі шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек, республикалық және жергілікті бюджет, сондай-ақ шетелдік кредиттер (99,2 пайыз) есебінен қаржыландырылды.

Көтерме және бөлшек сауда нысандарының құрылысына арналған игерілген инвестициялар негізінен 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 7,2 пайызға артты. Құрылыс кәсіпорындар мен ұйымдар, халық қаражаты, сондай-ақ банктердің кредиттері есебінен қаржыландырылды.

Көлік қызметі және жүк сақтау нысандарының құрылысы негізінен шетелдік кредиттер, шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджет (98,7 пайыз) есебінен қаржыландырылды. Бұл ретте мұндай нысандардың құрылысына арналған инвестицияларды игеру көлемі 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 7,1 пайызға төмендеді. Облыстық және жергілікті маңыздылығы бар 0,78 шақырымда, ауыл шаруашылығының ішкі шаруашылыққа арналған 11,5 шақырымда қатты төсеуіші бар автомобиль жолдары, сондай-ақ бес көпір пайланауға берілді.

2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштермен салыстырғанда қонақ үй және мейрамхана құрылысына арналған игерілген инвестицияның көлемі 1,5 есеге көбейді. Құрылыс негізінен кәсіпорындар мен ұйымдар, халық қаражаттарынан, сондай-ақ банк кредиттері (98,7 пайыз) жүргізілді.

Ақпарат және байланыс нысандарының қайта жөндеу және құрылысына бағытталған инвестициялардың барлық көлемі кәсіпорындар мен ұйымдар, республикалық бюджет, сондай-ақ халық қаражаты есебінен жүргізіліп, 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 8,2 пайызға өсті.

Білім беру нысандарының құрылысына бағытталған инвестициялар көлемі 1,6 есе артты. Бұл ретте қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен жүргізілді.

Денсаулық сақтау нысандарының құрылысына бағытталған инвестициялар көлемі 19,0 пайызға төмендеді. Мұндай нысандардың құрылысы негізінен шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек, халық қаражаты, сондай-ақ республикалық бюджет (98,3 пайыз) есебінен қаржыландырылды.

Өнер, сауық құру және демалыс нысандарының құрылысына бағытталған инвестиция көлемі 4,7 пайызға төмендеді. Мұндай нысандардың құрылысы негізінен республикалық және жергілікті бюджет, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар (96,7 пайыз) есебінен жүзеге асты.

### Қаңтар-қыркүйекте экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция

	Млн. сом		Қорытынды пайызда	
	2018	2019	2018	2019
<b>Барлығы</b>	<b>83 839,5</b>	<b>90 034,1</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы	623,4	751,2	0,7	0,8
Пайдалы қазба өндірісі	15 620,6	18 043,0	18,6	20,0
Өңлеу өндірісі	4 261,8	2 640,4	5,1	2,9
Электр энергиясымен, газбен, бумен және ауа баптауды қамтамасыз ету	4 766,2	3 740,9	5,7	4,2
Сумен жабдықтау, тазалау, қалдықтарды өңдеу және қайталама шикізат	865,0	4 704,0	1,0	5,2
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу	3 957,6	4 285,2	4,7	4,8
Көлік қызметі және жүк сақтау	12 255,6	11 518,1	14,6	12,8
Қонақ үй және мейрамхана қызметі	1 925,8	2 946,4	2,3	3,3
Ақпарат және байланыс	1 970,3	2 155,8	2,4	2,4
Қаржылай делдалдық және сақтандыру	74,9	17,9	0,1	0,0
Жылжымайтын мүлік операциялары	161,3	1 119,3	0,2	1,2
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1 382,1	480,0	1,6	0,5
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	38,8	181,5	0,0	0,2
Білім беру	2 021,4	3 213,6	2,4	3,6
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	1 313,8	1 074,3	1,6	1,2
Өнер, сауық құру және демалыс	1 337,3	1 287,9	1,6	1,4
Басқа да қызмет көрсету түрлері	971,6	826,6	1,2	0,9

Ағымдағы жылдың 9 айында Ыстық-Көл және Ош облысын қоспағанда негізгі капиталға салынған игерілген инвестициялар көлемі барлық өңірлерде артты.

### ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫ

Шаруашылық субъектілерінің (заңды және жеке тұлғалар) нарықтық қызметінің көлемі 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте алдын ала бағалау бойынша 475,2 млрд сомды құрады және 2018 ж. сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,5 пайызға өсті.

#### 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте экономикалық қызмет түрлері бойынша нарықтық қызметінің көлемі

	Млн. сом		пайызда			
	барлығы	оның ішінде халыққа	Өткен жылдың сәйкесінше кезеңі		қорытынды	
			барлығы	оның ішінде халыққа	барлығы	оның ішінде халыққа
<b>Қызмет көлемі – барлығы</b>	<b>475 202,6</b>	<b>336 004,0</b>	<b>104,5</b>	<b>104,6</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
оның ішінде:						
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу	352 657,7	240 002,4	104,6	104,3	74,2	71,4

	Млн. сом		пайызда			
	барлығы	оның ішінде халыққа	Өткен жылдың сәйкесінше кезеңі		қорытынды	
			барлығы	оның ішінде халыққа	барлығы	оның ішінде халыққа
Көлік қызметі және жүк сақтау	35 755,9	27 625,0	108,2	108,7	7,5	8,2
Қонақ үй және мейрамхана қызметі	15 925,4	15 925,4	107,1	107,1	3,4	4,7
Ақпарат және байланыс	23 153,1	16 307,4	98,8	101,8	4,9	4,9
Қаржылай делдалдық және сақтандыру	17 113,3	12 587,7	102,5	102,5	3,6	3,8
Жылжымайтын мүлік перациялары	7 369,4	5 163,3	99,8	99,9	1,6	1,5
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	5 667,3	2 619,5	102,0	102,3	1,2	0,8
Әкімшілік және қосалқы қызметтер	3 538,3	1 826,4	101,6	101,3	0,7	0,6
Білім беру	5 698,8	5 695,7	107,0	107,0	1,2	1,7
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	2 746,8	2 746,2	117,4	117,4	0,6	0,8
Өнер, сауық құру және демалыс	999,8	997,9	102,8	102,7	0,2	0,3
Басқа да қызмет көрсету түрлері	4 576,8	4 507,1	106,4	106,5	1,0	1,3

Нарықтық қызмет көлемі республиканың барлық өңірлерінде артты.

#### 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте аумақ бойынша нарықтық қызмет көлемі

	Млн. сом		Пайызда			
	барлығы	оның ішінде халыққа	Өткен жылдың сәйкесінше кезеңі		қорытынды	
			барлығы	оның ішінде халыққа	барлығы	оның ішінде халыққа
<b>Қырғыз Республикасы</b>	<b>475 202,6</b>	<b>336 004,0</b>	<b>104,5</b>	<b>104,6</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
Баткен облысы	12 175,7	11 837,7	101,9	102,1	2,6	3,5
Джалал-Абад облысы	44 315,7	39 777,5	104,4	104,9	9,3	11,8
Ыссық-Көл облысы	20 599,9	19 632,2	102,4	102,5	4,3	5,9
Нарын облысы	5 857,9	5 630,4	103,8	104,0	1,2	1,7
Ош облысы	32 752,8	27 011,8	103,2	102,1	6,9	8,0
Талас облысы	10 636,1	9 252,7	105,0	105,6	2,3	2,8
Чу облысы	61 765,1	48 020,0	105,6	103,1	13,0	14,3
Бішкек қ.	244 189,0	143 458,9	105,3	106,7	51,4	42,7
Ош қ.	42 910,4	31 382,8	101,4	101,8	9,0	9,3

**Тұтынушы нарық.** Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте көтерме және бөлшек сауда, автомобиль және мотоцикл жөндеу айналымының көлемі 352,7 млрд сомды құрап, 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 4,6 пайызға өсті.

2019 ж. қыркүйегінде айналым көлемі 2018 ж. қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 2,4 пайызға, ал алдындағы аймен салыстырғанда 8,8 пайызға өсті. Бұл көтерме және бөлшек сауда айналымы көлемінің өсімімен тығыз байланысты болып отыр.

Еңбекақы және еңбек нарығы. 2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі бір жұмыскердің атаулы орташа айлық еңбекақысы (шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) 16 451 сомды құрады және 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке қарағанда 4,6 пайызға өсті, ал оның тұтынушы бағасының индексін қосқандағы есептелген нақты көлемі 4,2 пайызға артты.

Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми валюта бағамына сәйкес, бір жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 235,8 АҚШ долларды құрады.

### 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте Аумақтағы атаулы және нақты орташа айлық еңбекақы

	Сом	Өткен жылдың сәйкесінше кезеңіне қатысты пайыздық көрсеткіші		Нақты еңбекақысының өткен жылдың сәйкесінше кезеңіне қатысты пайыздық көрсеткіші
		2018	2019	
<b>Қырғыз Республикасы</b>	<b>16 451</b>	<b>106,3</b>	<b>104,6</b>	<b>104,2</b>
Баткен облысы	11 413	101,3	107,1	105,7
Джалал-Абад облысы	15 217	104,0	107,9	107,3
Ыссық-Көл облысы	11 958	106,8	100,6	98,3
Нарын облысы	15 478	105,1	103,5	101,8
Ош облысы	10 720	103,9	105,1	104,5
Талас облысы	13 900	110,2	112,3	112,2
Чу облысы	14 932	108,4	101,5	101,8
Бішкек қ.	21 507	107,4	103,4	103,3
Ош қ.	14 673	104,0	106,4	105,9

Ағымдағы жылғы тамыздағы көрсеткішті өткен жылғы тамыздағы көрсеткішпен салыстырғанда атаулы еңбекақысы да, нақты еңбекақысының да өсу қарқыны төмендегені байқалады.

<sup>1</sup> Без учета малых предприятий.



## 1.1.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Қырғызстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

2019 ж. 1 қазанда Қырғыз Республикасында заңды және жеке тұлғалардан тұратын 718,8 мың жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектісі есепке алынған. Өткен жылдың сәйкесінші кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда олардың саны 2,6 пайызға өскен.

### 2019 ж. 1 қазанда аумақта жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер

	барлығы, мың бірлік	Пайыздық көрсеткіш	
		Өткен жылғы сәйкесінші кезеңде	қорытынды
<b>Қырғыз Республикасы</b>	<b>718,8</b>	<b>102,6</b>	<b>100</b>
Баткен облысы	66,3	103,9	9,2
Джалал-Абад облысы	129,4	101,7	18
Ыстық-Көл облысы	63,4	101,8	8,8
Нарын облысы	56,8	102,1	7,9
Ош облысы	176,5	103,3	24,6
Талас облысы	37,9	104,0	5,3
Чу облысы	122,8	102,4	17,1
Бішкек қ.	37,6	102,1	5,2
Ош қ.	28,1	103,0	3,9


Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санында жеке меншік нысанындағы меншік иелері басым (98,3 пайыз). Олардың ішінде ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы саласында қызмет етуші шаруашылық жүргізуші субъектілер басым (62,7 пайыз).

### 2019 ж. 1 қазанда Экономикалық қызмет түрлері және меншік нысаны бойынша жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер (бірлік)


	барлығы	оның ішінде меншік нысаны бойынша			
		мемлекеттік	муниципалдық	жеке	басқа
<b>Барлығы</b>	<b>718 792</b>	<b>7 321</b>	<b>4 733</b>	<b>706 574</b>	<b>164</b>
Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы	450 705	184	22	450 499	-
Пайдалы қазба өндірісі	621	4	1	616	-
Өңдеу өндірісі (Өңдеу өнеркәсібі)	14 627	31	11	14 585	-
Электр энергиясымен, газбен, бумен және ауа баптауды қамтамасыз ету	255	33	11	211	-
Сумен жабдықтау, тазалау, қалдықтарды өңдеу және қайталама шикізат	638	8	176	454	-
Құрылыс	7 042	77	15	6 950	-
Бөлшек және көтерме сауда; автомобиль және мотоцикл жөндеу	119 970	13	4	119 953	-
Көлік қызметі және жүк сақтау	42 053	562	15	41 476	-

	барлығы	оның ішінде меншік нысаны бойынша			
		мемлекеттік	муниципалдық	жеке	басқа
Қонақ үй және мейрамхана қызметі	14 563	41	8	14 513	1
Ақпарат және байланыс	3 748	118	33	3 597	-
Қаржылай делдалдық және сақтандыру	2 796	27	3	2 765	1
Жылжымайтын мүлік операциялары	6 235	16	26	6 193	-
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	13 819	430	12	13 373	4
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	3 105	46	12	3 047	-
Білім беру	2 718	1 623	1 094	-	1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	7 070	2 157	1 858	2 954	101
Өнер, сауық құру және демалыс	4 987	1 445	255	3 287	-
Басқа да қызмет көрсету түрлері	4 342	497	1 097	2 748	-
Прочая обслуживающая деятельность	19 341	9	80	19 251	1
Жеке меншік үй шаруашылығында жалдамалы жұмысшысы бар қызметтер; жеке тұтынуға қажетті әртүрлі тауарлар шығаратын және қызмет түрлерін көрсететін жеке меншік үй шаруашылықтары	101	-	-	101	-
Эксаумақты ұйымдардың қызметі	56	-	-	1	55

**2019 ж. 1 қазанда аумақта жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілердің орналасуы**  
(қотырынды пайыздық көрсеткіште)



**2019 ж. III тоқсанындағы аумақта қайта тіркелген және таратылған шаруашылық жүргізуші субъектілер**



Шаруашылық жүргізуші субъектілер құрылымында шаруа (фермерлік) қожалықтар және жеке кәсіпкерлер басым.

**10 кесте: 2019 ж. 1 қазанда аумағы мен субъект түрі бойынша жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер (мың. бірлік)**

	Барлығы	оның ішінде					
		шағын	орта	ірі	шаруа (фермерлік) қожалықтар	Жеке кәсіпкерлер	Басқа да шартты бөлімшелер
<b>Қырғыз Республикасы</b>	<b>718,8</b>	<b>22,2</b>	<b>4,3</b>	<b>2,0</b>	<b>340,2</b>	<b>341,9</b>	<b>8,2</b>
Баткен облысы	66,3	1,0	0,4	0,1	31,4	33,1	0,4
Джалал-Абад облысы	129,4	1,9	0,7	0,3	78,6	46,2	1,6
Ыссық-Көл облысы	63,4	1,4	0,4	0,1	19,7	40,7	0,9
Нарын облысы	56,8	0,7	0,3	0,1	32,2	22,7	0,8
Ош облысы	176,5	2,6	0,6	0,2	101,0	70,5	1,6
Талас облысы	37,9	0,8	0,2	0,1	22,5	13,7	0,6
Чу облысы	122,8	3,0	0,6	0,2	51,7	66,0	1,3
Бішкек қ.	37,6	9,6	0,8	0,7	0,6	25,1	0,9
Ош қ.	28,1	1,2	0,2	0,1	2,5	23,8	0,2

Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санында заңды тұлғалардың үлесі 4,1 пайызды немесе 29,3 мың бірлікті құрады.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың басым бөлігі (78,6 пайыз) шағын шаруашылық жүргізетін субъектілер, оның ішінде 41,5 пайызы Бішкек қаласында тіркелген.

Орта және ірі шаруашылық субъектілерінің үлесі жалпы жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында сәйкесінше 14,7 және 6,7 пайызды құрады.

### III тоқсанда аумақ бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің демографиясы (бірлік)

	Жаңадан тіркелгендер			Ресми таратылғандар		
	2018	2019	өткен жылдың сәйкесінше кезеңіне қатысты пайыздық көрсеткіш	2018	2019	өткен жылдың сәйкесінше кезеңіне қатысты пайыздық көрсеткіш
Қырғызстан Республикасы	5 811	6 348	109,2	1 013	842	83,1
Баткен облысы	497	543	109,3	13	28	в 2,2 р.
Джалал-Абад облысы	705	934	132,5	21	94	в 4,5 р.
Ыссық-Көл облысы	351	480	136,8	381	97	25,5
Нарын облысы	350	384	109,7	9	366	в 40,7 р.
Ош облысы	1 006	1 129	112,2	40	59	147,5
Талас облысы	321	360	112,1	31	23	74,2
Чу облысы	586	840	143,3	55	41	74,5
Бішкек қ.	1 750	1 337	76,4	287	107	37,3
Ош қ.	245	341	139,2	176	27	15,3

### 1.1.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Қырғызстанның сыртқы экономикалық қызметі

**Тауарлардың сыртқы және өзара саудасы.** Қырғыз Республикасының тауарларының сыртқы және өзара саудасының көлемі алдын ала болжам бойынша 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 4 384,4 млн АҚШ долларды құрап, 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 4,6 пайызға азайды.

Экспорттық жеткізілім<sup>1</sup> 1 192,1 млн. АҚШ долларды құрап, 10,8 пайызға көтерілді, бұл ТМД-дан тыс елдерге тауар шығарудың артуы есебінен (33,8 пайызға) артып отыр.

Импорттық түсім<sup>2</sup> 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 9,2 пайызға азайған, осылайша 3 192,3 млн. АҚШ долларды құрады. Бұл негізінен ТМД-дан тыс елдерден түсімдердің (15,0 пайызға) қысқаруы есебінен болып отыр.

Тауар айналымының құрылымындағы экспорт үлесі 27,2 пайыз, импорт – 72,8 пайыз.

Сауда теңгерімінің теріс сальдосы 2019 ж. қаңтар-тамызда 2 000,2 млн. АҚШ долларды (2018 ж. қаңтар-тамызда - 2 441,6 млн. доллар) құрады.

Алтынды қоспағанда тауар экспорты 7,0 пайызға азайып, 700,3 млн АҚШ долларды құрады.

республиканың жалпы тауар айналымының көлемінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерімен өзара саудасы 39,0 пайызды құрады, оның ішінде экспорт – 32,8 пайыз, импорт -41,2 пайыз.

Үшінші елдермен сыртқы саудасы республиканың жалпы тауар айналымы көлемінде 61,0 пайызды құрады, оның ішінде экспорт – 67,2 пайыз, импорт – 58,8 пайыз.

#### 2019 ж. қаңтар-тамызда тауарлармен сыртқы және өзара саудасы

	Сыртқы және өзара сауда - барлығы			оның ішінде					
				экспорт			импорт		
	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш
<b>2018</b>									
Қаңтар	523,4	161,5	81,8	111,9	140,3	46,1	411,5	168,5	103,6
Ақпан	518,8	132,9	99,1	129,8	105,3	115,9	389,0	145,7	94,5
Наурыз	624,0	113,7	120,3	149,2	76,0	114,9	474,8	134,6	122,1
Сәуір	631,4	124,8	101,2	159,5	120,4	107,0	471,9	126,3	99,4
Мамыр	616,9	129,2	97,7	161,0	141,6	100,9	455,9	125,3	96,6
Маусым	594,6	112,5	96,4	145,4	100,3	90,3	449,2	117,1	98,5
Шілде	588,0	106,1	98,9	114,9	80,6	79,1	473,1	114,9	105,3
Тамыз	496,3	86,0	84,4	104,2	66,1	90,7	392,1	93,4	82,9
қаңтар-тамыз	4 593,4	117,6	-	1075,9	98,6	-	3 517,5	124,9	-
<b>2019</b>									

<sup>1</sup> Об бағасындағы экспорт – экспорттаушы елдің шекарасына дейін тауарды жеткізуде шығатын шығыстар қосылған тауар бағасы.

<sup>2</sup> СИФ бағасындағы импорт - импорттаушы елдің шекарасына дейін тауарды жеткізу және сақтандыруға кеткен шығыстар қосылған тауар бағасы..

	Сыртқы және өзара сауда - барлығы			оның ішінде					
				экспорт			импорт		
	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш	млн. АҚШ доллар	өткен жылдың сәй- кесінше айына қатысты пайыздық көрсеткіш	алдыңғы айға қатысты- пайыздық көрсеткіш
Қаңтар	473,6	90,5	63,6	97,4	87,0	39,3	376,2	91,4	75,8
Ақпан	464,5	88,3	96,7	153,9	113,7	151,5	310,6	79,8	82,5
Наурыз	669,5	107	145,9	204,4	136,3	137,7	465,1	97,8	149,7
Сәуір	600,0	93,6	88,5	157,9	93,6	73,5	442,1	93,6	95,1
Мамыр	523,6	84,8	88,5	131,7	81,8	88,1	391,9	85,9	88,6
Маусым	542,2	88,7	100,8	169,7	113,1	124,8	372,5	80,9	92,8
Шілде	589,8	97,7	108,9	169,7	144,6	101,1	420,1	86,4	112,5
Тамыз	521,2	105,0	88,4	107,4	103,0	63,3	413,8	105,6	98,5
Қаңтар-тамыз	4 384,4	95,4	-	1 192,1	110,8	-	3 192,3	90,8	-

Экспорт бойынша ірі сауда серіктесі, ел экспортының жалпы көлемінен 41,3 пайызды құрап отырған – Ұлыбритания. ТДМ елдерінен тыс келесі негізгі сауда серіктестері Түркия (4,0 пайыз), Қытай (3,4 пайыз), Литва (1,3 пайыз) және Иран (1,1 пайыз).

ТМД елдері арасында тауарлар экспортын жеткізуде айтарлықтай үлес алатын елдер: Қазақстан (18,4 пайыз), Ресей (13,7 пайыз), Өзбекстан (7,3 пайыз) және Тәжікстан (3,0 пайыз).

ТМД елдеріне тыс мемлекеттерден келетін импорт тауарларының басым көлемі Қытайдан (35,8 пайыз жалпы импорт көлемінен), Түркия (4,5 пайыз) және АҚШ (1,9 пайыз) келуде.

ТМД елдерінен келетін импорттың басым көлемі Ресейге (27,4 пайыз елдің импортының жалпы көлемінен), Қазақстанға (12,9 пайыз) және Өзбекстанға (4,2 пайыз) тиесілі.

#### 2019 ж. қаңтар-тамызда Қырғыз Республикасының жекелеген елдермен тауарлармен сыртқы және өзара саудасы

	Сыртқы және өзара сауда		Оның ішінде				Республиканың сыртқы және өзара сауда-сындағы меншікті үлесі
			экспорт		импорт		
	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	
<b>Барлығы</b>	<b>4384,4</b>	<b>95,4</b>	<b>1192,1</b>	<b>110,8</b>	<b>3192,3</b>	<b>90,8</b>	<b>100</b>
<b>ТМД елдері</b>	<b>2026,4</b>	<b>96,3</b>	<b>528,3</b>	<b>91,1</b>	<b>1498,1</b>	<b>98,3</b>	<b>46,2</b>
<b>ЕАЭО елдері</b>	<b>1708,2</b>	<b>95,0</b>	<b>391,6</b>	<b>92,0</b>	<b>1316,6</b>	<b>95,9</b>	<b>39,0</b>
Армения	0,3	78,6	0,0	30,1	0,3	102,2	0,0
Беларусь	38,0	94,9	8,6	105,6	29,4	92,2	0,9
Қазақстан	631,0	110,5	219,6	117,5	411,4	107,0	14,4

	Сыртқы және өзара сауда		Оның ішінде				Республиканың сыртқы және өзара сауда-сындағы меншікті үлесі
			экспорт		импорт		
	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	млн. АҚШ доллар	2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	
Ресей	1038,9	87,6	163,5	70,8	875,4	91,6	23,7
<b>ТМД елдері арасынан ЕАЭО тыс елдер</b>							
Әзірбайжан	4,0	в 1,8 р.	2,6	в 2,5 р.	1,5	113,4	0,1
Молдова	1,2	144,2	0,2	141,7	1,0	144,7	0,0
Тәжікстан	42,9	103,2	35,8	110,1	7,0	78,3	1,0
Түркменстан	4,8	в 1,5 р.	1,8	77,6	3,0	в 3,3 р.	0,1
Өзбекстан	222,7	95,4	87,6	78,4	135,1	111,1	5,1
Украина	42,6	в 1,8 р.	8,7	143,4	33,9	в 1,9 р.	1,0
<b>ТМД тыс елдер</b>	<b>2358,0</b>	<b>94,7</b>	<b>663,8</b>	<b>133,8</b>	<b>1694,2</b>	<b>85,0</b>	<b>53,8</b>
<b>Үшінші елдер (ЕАЭО тыс)</b>	<b>2676,2</b>	<b>95,7</b>	<b>800,5</b>	<b>123,1</b>	<b>1875,7</b>	<b>87,4</b>	<b>61,0</b>
<b>Еуропа</b>							
Австрия	7,9	в 1,5 р.	0,0	73,2	7,9	в 1,5 р.	0,2
Бельгия	10,6	56,1	6,0	54,4	4,5	58,7	0,2
Болгария	11,6	124,4	3,4	в 1,6 р.	8,2	114,5	0,3
Германия	44,6	84,4	4,5	109,2	40,2	82,3	1,0
Италия	17,4	94,5	0,2	32,8	17,3	96,4	0,4
Литва	32,3	57,6	15,1	47,5	17,2	70,8	0,7
Нидерланд	7,8	84,3	0,8	90,4	7,1	83,7	0,2
Польша	13,7	93,8	0,7	63,4	13,0	96,2	0,3
Біріккен корольдік (Ұлыбритания)	505,0	в 1,5 р.	492,1	в 1,5 р.	12,8	в 1,9 р.	11,5
Франция	20,9	119,0	0,1	69,8	20,8	119,2	0,5
Швеция	6,1	в 1,7 р.	0,1	в 8,1 р.	6,1	в 1,7 р.	0,1
Швейцария	7,7	59,0	1,8	в 12,2 р.	5,9	45,5	0,2
<b>Азия</b>							
Вьетнам	5,6	в 1,5 р.	0,8	125,2	4,8	в 1,6 р.	0,1
Грузия	5,0	в 1,5 р.	1,6	в 1,6 р.	3,4	в 1,5 р.	0,1
Үндістан	27,1	121,7	2,4	80,0	24,8	128,1	0,6
Иран	24,8	172,1	13,1	в 2,3 р.	11,6	132,7	0,6
Қытай	1181,6	86,9	40,4	103,9	1141,3	86,4	27,0
Біріккен Араб Әмірліктері	17,9	в 2,9 р.	6,4	в 1,9 р.	11,5	в 4,0 р.	0,4
Корея Республикасы	19,1	103,1	0,1	в 1,7 р.	19,0	102,8	0,4
Түркия	190,8	78,4	47,2	100,9	143,6	73,0	4,4
Жапония	17,0	42,0	0,2	77,2	16,8	41,8	0,4
АҚШ	60,9	55,6	1,6	120,2	59,3	54,8	1,4



**Экспорт жеткізілуі.** Экспорт көлемі 2019 ж. қаңтар-тамызда 2018 ж. қаңтар-тамыздағы көрсеткішпен салыстырғанда ТМД елдерінен тыс мемлекеттерге экспорт жеткізілуінің артуы есебінен 33,8 пайызға өсіп, 663,8 млн АҚШ долларды құрады. Ал ТМД елдеріне экспорт 8,9 пайызға азайып, 528,3 млн долларды құрады.

Тауарлар экспортының артуына негізінен темекі және темекі бұйымдарын жеткізудің 2,9 есеге артуына, тыңайтқыштардың – 2,6 есеге, кептірілген бұршақты көкөністердің – 1,6 есеге, монетарлық емес алтынның – 52,4 пайызға, цемент, портландцементінің – 41,4 пайызға артуы әсер етті.

Бұл ретте киім және киімге қажетті керек-жарақтардың жеткізілуі 2,0 есеге, электрлік қыздыру лампалары – 1,6 есеге, мыс қалдықтары мен сынықтары – 25,5 пайызға, қара металл қалдықтары мен сынықтары – 18,9 пайызға, өңделген шыны – 4,8 пайызға азайды.

**2019 ж. қаңтар-тамыздағы тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты.**

	Жеткізілді-барлығы		2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	
	мың. тонна	мың. доллар	Заттай көрінісі	құндық көрінісі
Сүт және сүттен жасалған өнім	17,5	27 722,3	116,4	139,5
Кептірілген бұршақты көкөніс	46,9	36 156,9	в 1,6 р.	в 1,6 р.
Кен және бағалы металлдардың қоспалары	95,3	93 392,3	106,2	110,6
Темекі және темекі бұйымдары	-	16 506,4		в 2,9 р.
Мақта талшықтары	9,5	14 842,5	107,1	101,2
Тыңайтқыштар	-	6 734,1	-	в 2,6 р.
Киім және киімге қажетті керек-жарақтар	-	59 560,3	-	50,2
Цемент, портландцемент	486,7	24 599,1	134,6	141,4
Қара металл қалдықтары мен сынықтары	63,9	11 198,6	108,9	81,1
Өңделген шыны	-	20 176,6	-	95,2
Монетарлық емес алтын	-	491 813,6	-	152,4
Электрлік қыздыру лампалары, млн. дана.	22,7	2 606,0	71,8	63,3
Мыс қалдықтары мен сынықтары	14,8	43 051,6	90,4	74,5

Экспорт жеткізудегі едәуір көлем келесі елдерге тиесілі: Ұлыбритания (алтын - 490,9 млн. АҚШ долларға), Ресей (киім - 41,0 млн. долларға, мақта талғышы - 4,3 млн. долларға), Қазақстан (Кен және бағалы металлдардың қоспалары - 83,7 млн. АҚШ долларға, сүт өнімдері - 9,5 млн. АҚШ долларға), Түркия (мақта талшығы - 8,9 млн. долларға, көкөніс және жеміс - 13,4 млн. долларға).

**Импорттық түсімдер.** ТМД елдерінен келетін импорт 2019 ж. қаңтар-тамыздағы көрсеткіші 2018 ж. қаңтар-тамыздағы көрсеткішпен салыстырғанда 25,4 млн АҚШ долларға төмендеп, 1 498,1 млн. долларды немесе импорттың жалпы көлемінен 46,9 пайызды құрады, ал ТМД елдерінен тыс мемлекеттерден келетін түсім көлемі 299,8 млн долларға азайып, 1 694,2 млн. долларды (53,1 пайыз) құрады.


Жалпы синтетикалық маталардың (6,4 есе), киім және киімге қажетті керек-жарақтар (2,2 есе), аяқ киім (1,6 есе), шай (17,0 пайызға), шоколад және басқа да дайын какао қосылған азық-түлік өнімдері (7,9 пайызға), қант (40,1 пайызға), көлік құралына арналған шина (14,0 пайызға), тас көмір (27,1 пайызға), сабын, жууға және полирольдауға арналған өнімдер (33,6 пайызға), сондай-ақ су, оның ішінде минералды және газдалған су (3,4 пайызға) импортының көлемі азайғаны байқалады.

Сонымен қатар, импорт түсімдерінің өскені байқалады: күріш (3,4 есеге), көкөністер (1,6 есе), бидай ұны (1,6 есеге), нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (26,4 пайызға), қыштан жасалған заттар (7,3 пайызға), қара металдан жасалған бұйымдар (20,3 пайызға), жемістер (2,7 пайызға), сондай-ақ а также фармацевтика өнімдері (8,0 пайызға).


Импорттық түсімдер бойынша негізгі серіктер елдер: Қытай (аяқ киім - 161,7 млн. доллар, синтетикалық маталар - 75,6 млн. доллар, киім және киімге қажетті керек-жарақтар - 87,3 млн. доллар, электрлік машиналар мен жабдықтар - 159,8 млн. доллар), Ресей (мұнай өнімдері - 191,3 млн. доллар, өсімдік майы - 18,7 млн., қоспасыз болат шыбықтар - 41,9 млн. доллар, тыңайтқыштар - 11,8 млн. доллар), Қазақстан (тас көмір - 7,2

млн. доллар, цемент - 7,6 млн., су, оның ішінде минералды және газдалған су - 27,1 млн., бидай - 17,4 млн., бидай ұны - 12,8 млн. доллар), Түркия (киім және киімге қажетті керек-жарақтар - 29,2 млн. доллар, жиһаз және оның бөлшектері - 2,5 млн., аяқ киім - 8,3 млн. доллар), Өзбекстан (тыңайтқыштар - 4,2 млн. доллар, киім және киімге қажетті керек-жарақтар - 11,8 млн., жемістер мен жаңғақтар - 19,9 млн., көкөністер - 6,2 млн. доллар).

### Қаңтар-тамыздағы Экспорттың тауарлық құрылымы



(Экспорттың жалпы көлеміне қатысты пайыздық көрсеткіш)



**Қаңтар-тамыздағы импорттың тауарлық құрылымы**  
(Импорттың жалпы көлеміне қатысты пайыздық көрсеткіш)

**2019 ж. қаңтар-тамызда тауардардың жекелеген түрлерінің импорты**

	Жеткізілді-барлығы		2018 ж. қаңтар-тамызға қатысты пайыздық көрсеткіші	
	мың. доллар	Заттай көрінісі	мың. доллар	Заттай көрінісі
Көкөністер	58,2	20 066,5	181,9	в 1,6 р.
Жемістер	96,6	48 397,4	146,7	102,7
Шай	3,2	6 935,4	89,5	83,0
Өсімдік майы	33,4	29 310,8	109,3	108,7
Қант	22,7	10 430,4	59,7	59,9
Күріш	10,2	5 710,6	400,0	в 3,5 р.
Шоколад және басқа да дайын какао қосылған азық-түлік өнімдері	10,0	23 493,4	86,1	92,1
Бидай ұны немесе бидай –қара бидай ұны	58,1	14 078,0	139,7	в 1,6 р.
Нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер	18,0	26 586,7	112,6	126,4
Су, минералды және газдалған су, мың л	76 761,4	28 107,8	122,2	96,6
Цемент, портландцемент	219,2	10 355,7	111,0	95,4
Тас көмір	230,3	6 408,9	78,6	78,2
Фармацевтика өнімдері	5,6	109 455,8	115,5	108,0
Сабын, жууға және полирольдауға арналған өнімдер	23,0	26 812,2	107,3	66,4
Көлік құралына арналған шиналар	939,9	29 037,7	92,2	86,0
Қара металдан жасалған заттар	353,7	79 570,4	32,1	120,3
Синтетикалық маталар	-	7 141,97	-	15,6
Киім және киімге қажетті керек-жарақтар	-	139 205,5	-	45,6
Аяқ киім	-	174 925,3	-	64,3
Қыштан жасалған заттар	-	30 120,2	-	107,3

## 1.1.4. 2019 жылы Қырғызстанда ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу

Экономика министрлігі Қырғыз Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттейтін мемлекеттік орган болып табылады.

### 1.1.1. кірістірме

Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі  
72002 Бішкек, Чу даңғылы, 106.

Тел. +996 (312) 62-05-90, +996 (312) 62-05-90

#### **Кәсіпкерлік қызметті реттеу басқармасы**

+996 (312) 62-49-85

e-mail: [mail@mineconom.gov.kg](mailto:mail@mineconom.gov.kg); <http://mineconom.gov.kg/>

**Реттеуге жүргізілетін жүйелі талдау.** Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі (одан кейін – Министрлік) 2015 жылғы наурызда Қырғызстанда бизнес жүргізуге, оның әсерінен елдің экономикасының дамуына тосқауыл болатын кедергілерді анықтауға бағытталған «Реттеуге жүргізілетін жүйелі талдау» реттеуші реформасын іске қосты.

Реформаның мақсаты – кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық базаны жеңілдету, Қырғызстанда инвестициялық ахуалды түбегейлі өзгерту, сыбайлас жемқорлықты азайту және ұлттық және шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай қалыптастыру.

Реформаның негізгі мәні – Қырғызстанда кәсіпкерлік қызметті реттеуші заңнамалар арасынан, бірін бірі қайталайтын, мағынасыз және проблемалық заңнамалық актілерді жою болып табылады.

Реттеуші реформаны жүргізудің Қырғызстанға тиімділігі:

- Қырғызстан Үкіметі барлық мемлекеттік органдармен бірлесіп тиімді кең ауқымды реттеуші реформаны жүргізілуі әлеуетті инвесторлар, бизнес-қоғамдастық және қоғам үшін мықты саяси түрткі;
- Кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық база жеңілдетіліп, бизнеске және инвестицияларға барынша қолайлы жағдайлар қалыптастырады, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықты азайтады;
- Барынша қарапайым және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру (қажет емес функцияларды алып тастауға қатысты ұсыныстар болуы мүмкін);
#### **Әдіснамалық сүйемелдеу жұмысы барысында:**

1. тәжірибені қолдануда консультациялық көмек көрсету;
2. бизнес-инкубатор жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
3. бизнес-инкубатордың мәселелі тұстары мен даму мүмкіндігінің диагностикасы;
4. бизнес-инкубатор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру арқылы мәселені шешу;
5. стартап жобаларды іріктеу және оны дамыту.

Сыртқы сарапшы әдіснамалық сүйемелдеу қызметін көрсету аясында әр бизнес-инкубаторға тиімді жұмыс форматы таңдалған.

Мемлекеттік гранттар «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында жұмыс істеп тұрған механизмге ұсынылуы мүмкін (егер республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда). Мемлекеттік гранттардың экономикалық тиімді болуы үшін бұл қаражат «QazTechVentures» АҚ технологиялық, қаржылай-экономикалық және құқықтық оң тиімділігін есепке ала отырып, бизнес-инкубаторлар резиденттеріне ұсынылатын болады.


#### **Грант ұсыну механизмдері:**

- 1) Жергілікті ақтарушы орган өтінім қабылдайды;
- 2) «QazTechVentures» АҚ жобалардың технологиялық, қаржылай-экономикалық және құқықтық сараптамасын жүзеге асырады;
- 3) Жергілікті атқарушы органдардағы комиссия «QazTechVentures» АҚ ұсынысын есепке ала отырып, жүзеге асырады;
- 4) «QazTechVentures» АҚ грант берілгеннен кейін оның мақсатты қолданылуына мониторинг жүргізеді.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасындағы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мониторингі. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жедел ақпараты. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі <https://economy.gov.kz/ru>

# 1.5.



Ресей Федерациясындағы  
шағын және орта кәсіпкерліктің  
даму көрсеткіштері



### 1.5.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы макрэкономикалық жағдай

Росстаттың алдын ала болжамды бағасы бойынша, 2019 ж. 3 тоқсанында ЖІӨ 7 %-ға өсті, бұл 2019 ж. 2 тоқсанындағы өскен 0,9 % ж/ж және 2019 1 тоқсанындағы 0,5 % ж/ж кейінгі көрсеткіш. 2019 жылғы 3 тоқсандағы есепті кезеңдегі мәліметтер Ресей Экономикалық даму министрлігінің бағалауынан шұғыл мәліметтер негізінде біршама төмен (1,9 % ж/ж) болды. Жалпы 2019 ж. 9 айында ЖІӨ өсу қарқыны 1,1 % ж/ж деңгейінде болды.

Шұғыл мәліметтер бойынша, салалар бөлінісінде ЖІӨ-ше негізгі оң үлес қосқан өнеркәсіптік өндіріс болып отыр. Сонымен қатар, есепті тоқсанда экономика өсуінің артуына ауыл шаруашылығы (ағымдағы жылғы егінкөлемінің жоғары болуы) оң қарқын беріп, айналым өсімінің қарқыны теріс деңгейден шыққан. Сондай-ақ негізгі қызмет түрлеріне жатпайтын салалардың үлесі де бағалау бойынша 2019 жылғы 2 тоқсанда алдындағы тоқсанға қарағанда өскен. Дегенмен, көлік-логистика кешені (жолаушы тасымалдау көдігін өспегенде) және құрылысы саласында өсу қарқыны төмен болғаны байқалады.

Ресейдің Экономиканы дамыту министрлігінің бағалауы бойынша, 2019 жылғы 3 тоқсанда қоспандар бөлінісінде айтарлықтай үлесті материалдық айналым қаражаттары қорының өсуі және тауар экспорты қосып отыр. Алайда бұл ретте тұтынушылық сұраныс үлесінің төмендеуі тоқтамаған.

Ресейдің Экономиканы дамыту министрлігінің бағалауы бойынша, тоқсандар мағынасында 2019 жылғы 3 тоқсанында ЖІӨ өсудің оң қарқынын көрсетті (маусымдық факторларды қоспағанда). Маусымдық факторларды алып тастағанда, алдыңғы тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, 2019 ж. 3 тоқсандағы ЖІӨ өсу қарқыны 0,5 % кв/кв SA деңгейінде орнықты. Бұл 2019 жылғы 2 тоқсандағы өсуден және 2019 жылғы 1 тоқсандағы бір реттік 0,1 % кв/кв SA төмендеуден кейінгі көрсеткіштер. Тоқсан сайынғы ЖІӨ қарқыны экономиканың 1,5–2,0 % ж/ж қарқын өсу траекториясына қайта орналасқанын байқатады.

2019 жылдың 4 тоқсанында экономиканың өсу қарқыны 2019 жылғы 3 тоқсандағы көрсеткішті сақтайтыны болжануда. Бұл Ресей Экономиканы дамыту министрлігінің ЖІӨ өсімі бойынша 2019 жылға айтқан болжамын (1,3 %) растайды.

Ағымдағы жылдың соңына дейін экономиканың өсуіне кредиттік ұсыныстардың кеңеюі әсер ететін болады. Ең алдымен кредиттік ұсыныстар – валюта нарығында (бюджет ережесінен үстінен) активтер сатып алу бойынша Ресей Банкі операциялары мен федералдық бюджет шығыстарының өсуіне жақындаған, мемлекеттік сектордың операциялары есебінен жүргізілетін болады. Бұл ретте бюджет каналы бойынша кредиттік ұсыныстың артуы уақытша сипатта болады және экономикалық белсенділікті ынталандыру әлеуеті шектеулі.


ЖІӨ динамикасы

	9ай19	3тоқс19	2тоқс19	1тоқс19	2018	4тоқс18	3тоқс18	2тоқс18	1тоқс18
ЖІӨ ( %-да өткен жылғы сәйкесінше кезеңге	1,7	0,9	0,5	2,3	2,7	2,2	2,2	1,9	

Ресейдің ЖІӨ көлемі 2019 ж. II тоқсанында ағымдағы бағада 26188,0 млрд рубльді құрады. 2018 жылғы II тоқсандағы нақты көлем индексі 100,9% құрады. ЖІӨ индекс-дефляторы 2019 ж. II тоқсанында 2018 жылғы II тоқсандағы бағамен салыстырғанда 104,6% құрады.

Ресейдің ЖІӨ көлемі 2019 ж. I жартыжылдығында ағымдағы бағада 50675,1 млрд рубль көрсеткішінде болды. Оның нақты көлемінің индексі 2018 ж. I жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 100,7%. ЖІӨ индекс-дефляторы 2019 ж. I жартыжылдығында 2018 жылғы I жартыжылдықтағы бағамен салыстырғанда 106,5% құрады.

### ЖІӨ өндірісінің динамикасы 2016 жылғы шартты орталық тоқсандағы мәнге % салыстырма 2016 жылғы ЖІӨ атаулы мәні ¼



<sup>1</sup> Мәліметтерді бағалауға маусымдық және күнтізбелік факторларды алып тастау арқылы, «JDEMETRA + бағдарлама-сын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

### ЖІӨ өндірісі нақты көлемінің индекстері тұрақты бағада

	% -да	
	Өткен жылғы сәйкесінше кезеңге	Алдыңғы кезеңге
<b>2018 ж.</b>		
I тоқсан	101,9	84,1
II тоқсан	102,2	107,8
I жартыжылдық	102,0	
III тоқсан	102,2	106,7
Қаңтар-қыркүйек	102,1	
IV тоқсан	102,7	106,3
Жыл	102,3	
<b>2019 ж.</b>		
I тоқсан	100,5	82,3
II тоқсан	100,9	108,1
I жартыжылдық	100,7	

### Өнеркәсіптік өндіріс

**Өнеркәсіптік өндіріс индексі.** 2019 жылғы қыркүйекте өткен жылғы сәйкесінше кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіптік өндіріс индексі 103,0% құрады, 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте - 102,7%.

### Өнеркәсіптік өндіріс индексі 2016 жылғы орташа айлық мәнге % көрсеткіште






## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Барлық ауылшаруашылық өнімдерін шығарушылардың (ауылшаруашылық ұйымдар, шаруа (фермерлік) қожалықтар, халықтың шаруашылығы) ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару көлемі 2019 ж. қыркүйекте өолданыстағы бағада, алдын ала бағалау бойынша 1255,8 млрд рубльді, ал 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте - 4098,7 млрд рубль құрады.

**Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі индексі 2016 жылғы орташа айлық мәнге % көрсеткіште**



<sup>1</sup> Мәліметтерді бағалауға маусымдық және күнтізбелік факторларды алып тастау арқылы, «JDEMETRA + бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылды.


## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

2019 ж. қыркүйекте 620 көппәтңрлі тұрғын үй салынған. Халық 24,21) мың жер үй салған, оның ішінде 1,5 мың үй бау-бақша егуге арналған жер телімдерінде салынған. Барлығы 83,3 мың жаңа пәтер салынған (бау-бақша егуге арналған жер телімдерінде салынған үйлердегі пәтерлерді қоспағанда).

2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 5,0 мың көп пәтерлі үйлер салынған. Халық 181,81) жер үй салған, оның ішінде 2,9 мың үй бау-бақша егуге арналған жер телімдерінде салынған. Барлығы 638,9 мың жаңа пәтер салынған (бау-бақша егуге арналған жер телімдерінде салынған үйлердегі пәтерлерді қоспағанда 636,0 мың).

Жеке құрылысшылар салған жеке үйлердегі жалпы тұрғын жай көлемі 25,31) млн шаршы метрді құрады, оның ішінде 0,3 млн шаршы метр бау-бақша егуге арналған жер телімдерінде салынған немесе 2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі берілген жалпы тұрғын үй көлемінен 51,7%.

**Тұрғын үйлерді іске қосу динамикасы 2016 жылғы орташа айлық мәнге % көрсеткіште**



Мәліметтерді бағалауға маусымдық факторларды алып тастау арқылы, «JDEMETRA + бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Статистикалық бақылаудың жаңа мәліметтері түскенде динамика нақтыланыла алады. Мәліметтерді салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында, көрсеткіште халықтың бау-бақша егуге арналған жер телімдеріне салған тұрғын үйлері есепке алынбай есептелінді

## КӨЛІК

**Жүк тасымалы.** 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте жүк тасымалы алдын ала мәліметтер бойынша 4227,1 млрд тонна-шақырымды құрады, оның ішінде теміржолы - 1947,3 млрд, автокөлік жолы - 201,2 млрд, теңіз жолы - 28,1 млрд, ішкі су жолы - 51,6 млрд, әуе жолы - 5,4 млрд, құбыр жолы - 1993,4 млрд тонна-шақырым.

### Көлік түрлері бойынша жүк айналымы

	2019 ж. қыркүйек, млрд т-км	% -да		2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы	Анықтама		
		2018 ж. қыркүйекке	2019 ж. тамызға		2018 ж. қыркүйек %		2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2017 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы
					2017 ж. қыркүйекке	2018 ж. тамызға	
Көлік жүк айналымы	463,3	99,8	98,4	101,0	102,2	98,0	103,0
оның ішінде:							
теміржол	212,6	101,3	99,4	100,9	103,0	96,2	104,5
автокөлік	24,4	101,4	98,8	105,8	102,0	100,8	102,9
теңіз жолы	3,9	63,3	113,8	83,9	99,9	123,3	87,8
ішкі су жолы	7,2	90,0	80,1	95,8	93,8	89,1	98,9
әуе жолы							
(көліктік авиация)1)	0,7	101,7	118,0	94,1	98,2	102,7	100,7
құбыржол	214,5	99,6	97,8	101,0	101,8	99,3	102,1

### Көлікпен жүк тасымалдау

	2019 ж. қыркүйек, млрд т-км	% -да		2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы	Анықтама		
		2018 ж. қыркүйекке	2019 ж. тамызға		2018 ж. қыркүйек %		2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2017 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы
					2017 ж. қыркүйекке	2018 ж. тамызға	
Жүкті көлікпен тасымалдау	786,9	104,2	99,0	101,6	101,3	99,9	102,1
соның ішінде:							
теміржол	106,1	101,0	97,3	99,1	100,7	96,5	102,7
автомобиль	575,9	106,6	99,9	103,2	101,6	100,6	101,8
теңіз арқылы	1,8	79,6	100,0	80,6	108,3	104,2	90,4
ішкі су арқылы	12,7	78,8	82,8	83,9	93,0	90,1	100,5
әуе арқылы							
(көлік авиациясы)	0,09	87,7	97,5	95,1	101,6	105,1	101,2
құбыр желісі	90,4	98,6	98,0	99,2	102,2	101,8	103,3
соның ішінде:							
газ	39,4	96,4	101,5	97,2	99,7	104,5	104,6
мұнай	47,9	101,3	96,0	101,5	102,8	99,9	101,0
мұнай өнімдері	3,1	88,7	87,8	94,6	129,6	98,0	119,6

**Жолаушылар тасымалы.** Көліктің жолаушылар айналымы 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 437,2 млрд жолаушы-шақырымды құрады, оның ішінде теміржол - 104,6 млрд, автокөлік - 84,4 млрд, әуе- 247,6 млрд жолаушы-шақырымды құрады.

шы-шақырым. .

### Жалпы қолданыстағы көліктің жолаушы айналымы

	2019 ж. қыркүйек, млрд жолаушы-км	% -да		2019 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке% қатысы .	Анықтама			
		2018 ж. қыркүйекке	2019 ж. тамызға		2018 ж. қыр-күйек %		2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткіштің 2017 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы	
					2017 ж. қыркүйекке	2018 ж. тамызға		
Жалпы қолданыстағы көліктің жолаушы айналымы 1)	53,1	104,3	84,8	107,4	108,5	86,9		106,4
оның ішінде:								
теміржол	11,9	99,4	68,5	103,0	109,0	71,0		105,4
автокөлік (автобустар)	9,7	98,5	100,3	98,5	99,4	98,5		99,1
әуе (көлік авиациясы)2)	31,5	108,3	88,5	112,9	111,7	91,8		110,2

### ТАУРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫ

Бөлшек сауда айналымының көлемі 2019 ж. қыркүйекте 2848,6 млрд рубльді немесе өткен жылғы сәйкесінше кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) 100,7%, ал 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте - 24231,6 млрд рубль, немесе 101,4% құрады.

### КӨТЕРМЕ САУДА

**Көтерме сауда айналымы.** 2019 ж. қыркүйекте көтерме сауда айналымы 7154,1 млрд рубльді немесе өткен жылғы сәйкесінше кезеңмен қарастырғанда (салыстырмалы бағада) 104,6%-ды құрады. Шағын кәсіпкерліктің көтерме сауда айналымдағы үлесі 35,6%-ды құрады.


#### Бөлшек сауда айналымының динамикасы, 2016 жылғы орташа айлық мәнге % көрсеткіште



Мәліметтерді бағалауға маусымдық факторларды алып тастау арқылы, «JDEMETRA + бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Статистикалық бақылаудың жаңа мәліметтері түскенде динамика нақтыланыла алады.

## 1.5.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Ресей Федерациясындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

### Ресей Федерациясындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10.07.2019 жылғы жағдай бойынша.




РФ Федералдық салық қызметі (ШОК субъектілерінің біріңғай тізілімі)

2019 жылдың шілде айының басындағы заңды тұлғалар саны: микро кәсіпорындар – 2 764 114 бірлік; шағын кәсіпорындар – 217 373 бірлік және орта кәсіпорындар – 18 061 бірлік.

Ресей Федерациясының Федералды салық қызметінің ШОК субъектілерінің біріңғай тізілімінің мәліметтеріне сәйкес, ШОК субъектілерінің саны бойынша РФ Орталық және Волга маңы федералдық округтері көш бастап келеді, ШОК-тың барлық субъектілерінің жартысына жуығы солардың үлесіне тиесілі, 1.5.7. суретті қараңыз.

### 25 сурет. 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2019 жылы ШОК субъектілері санының даму динамикасы



Үкіметтің Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстың шекті мәні туралы N 265 Қаулысына сәйкес, Ресейде ұйымның шағын және орта бизнеске тиесілігі екі негізгі көрсеткіштердің мәндерімен анықталады: қызметкерлердің саны және табыс мөлшері. Қазіргі уақытта Ресей статистикасында кәсіпорындардың түрін анықтаудың мынадай өлшемдері қолданылады:


\* микро кәсіпорындар - қызметкерлерінің саны 15 адамға дейін және жылдық табысы 120 млн. рубльден аспайтын заңды тұлғалар;

\* шағын кәсіпорындар - қызметкерлерінің саны 16-дан 100 адамға дейін және жылдық табысы 800 млн. рубльден аспайтын заңды тұлғалар;

\* орта кәсіпорындар – қызметкерлерінің саны 101-ден 250 адамға дейін және жылдық табысы 2 млрд. рубльден аспайтын заңды тұлғалар.

Соңғы жылдары Ресейде микро кәсіпорындар түріндегі заңды тұлғалар белсенді дамып келеді, олардың үлесіне ШОК-тың барлық заңды тұлғаларының 91%-дан астамы келеді, 25 суретті қараңыз.

**26-сурет. 10.07.2019 ж. жағдай бойынша ең сұранысқа 10 қызмет саласы**



Дереккөз: РФ Федералдық салық қызметі (ШОК субъектілерінің біріңғай тізілімі)

РФ Федералдық салық қызметінің ШОК субъектілерінің біріңғай тізілімінің деректеріне сәйкес, жаңадан құрылған шағын кәсіпорындар орталық және Волга маңы федералдық округінде басым, олардың үлесіне микрокәсіпорындар түріндегі ШОК субъектілерінің жартысынан астамы келеді, 26-суретті қараңыз..

### 10.07.2019 ж. жағдай бойынша қайта құрылған шағын кәсіпорындар саны

СУБЪЕКТТЕР: **6 212 137**  
ЖҰМЫСҚЕРЛЕР: **15 644 097**  
ӨНІМДЕР: **5 560**

БАРЛЫҒЫ   МИКРО   ШАҒЫН   ОРТА   БАРЛЫҒЫ   ЖК   ЗТ

Жағдай бойынша  
10.07.2019



Дереккөз: РФ Федералдық салық қызметі (ШОК субъектілерінің біріңғай тізілімі)

### 1.5.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Ресейдің сыртқы сауда қызметі

2019 жылдың қаңтар-маусым айларында **Ресейдің сыртқы сауда айналымы** 320,8 млрд. долларды құрады, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3%-ға төмендеді. Мұндай деректерді РФ Федералдық кеден қызметі келтіреді.

Сауда балансының **сальдосы** 2018 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 5,4 млрд. аз болып, 92,2 млрд-ты құрады.

Ресей **экспорты** жарты жылда 206,5 млрд. долларды құрады (2018 жылдың қаңтар- маусым айларымен салыстырғанда 3,6%-ға аз)

Отын-энергетикалық тауарлардың үлес салмағы 64,7% -ға дейін өсті (өткен жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 64%-ға тең болған). Алыс шетелдерге шығатын экспорттың тауарлық құрылымында осы тауарлардың үлесі 67,8%-дан 69,2%-ға дейін өсті, ТМД елдеріне шығатын тауарлар үлесі – 37,2%-дан 32,8%-ға дейін азайды. 2018 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда отын-энергетикалық тауарлардың құндық көлемі 2,6%-ға қысқарды, ал физикалық көлемі 2,1%-ға өсті. Отын-энергетика кешені тауарларының ішінде электр энергиясы (31,5%), тас көмір (7,6%), автомобиль бензині (3,9%) экспортының физикалық көлемі өсті. Мұнай өнімдері экспортының физикалық көлемі азайды (минус 8,4%).

2019 жылғы қаңтар-маусымда Ресей **импорты** 114,3 млрд. долларды құрады (жылдық мәнде минус 2%).

Импорттың тауар құрылымында машиналар мен жабдықтардың үлес салмағы жоғары – 45,9% (2018 жылдың бірінші жарты жылдығында – 46,8%). Бұл өнімді әкелудің құндық көлемі 4,5%-ға азайды. Жүк көліктері (плюс 30,9%), жеңіл автомобильдер (плюс 3,9%) импортының физикалық көлемі өсті.

**Алыс шет елдер арасында Ресейдің негізгі сауда серіктестерінің** ішінен Қытаймен (2018 жылғы қаңтар-маусымға+0,7%), Нидерландымен (+13,8%), АҚШ-пен (+12,4%), Оңтүстік Кореямен (+21,1%) тауар айналымы ұлғайды, Германиямен (-13,7%), Италиямен (-4,8%), Түркиямен (-10,4%), Жапониямен (-0,8%), Польшамен (-26,1%), Финляндиямен (-8,4%) керісінше тауар айналымы төмендеді.

### 1.5.4. 2019 жылдағы РФ ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу

Ресейдегі ШОК-тың дамуына Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігінде арнайы департамент жауапты.

Ресейдің Экономикалық даму министрлігінің Шағын және орта бизнесті дамыту және бәсекелестік департаменті шағын және орта бизнес пен бәсекелестікті, ұйымдастырылған тауар нарықтарын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты және құқықтық реттеуді әзірлеуге және іске асыруға жауапты, сондай-ақ заңнаманы негізге ала отырып [torgi.gov.ru](http://torgi.gov.ru). веб-сайтын жүргізуге де жауапты.

**РФ Экономикалық даму министрлігі.**

**Шағын және орта кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту департаменті.**

Мәскеу қ., Овчинниковская набережная, 18/1.

Байланыс телефоны: + 7 (495) 651-79-85.

<http://economy.gov.ru/>

**Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары.** Ресей экономикалық даму министрлігі 2005 жылдан бастап аймақтық деңгейде шағын және орта кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету үшін РФ субъектілерінің бюджеттеріне федералдық бюджеттен субсидиялар беру бойынша арнайы бағдарламаны іске асыруда.



2016 жылдың соңында осы субсидияларды беру және бөлу қағидаларының жаңа редакциясы бекітілді. Бүгінгі күні бағдарлама аясында қолдау инфрақұрылымын құрайтын ұйымдар желісінің жұмысын қайта форматтауға, оны көрсетудің сервистік моделін енгізуге байланысты іс-шаралар алдыңғы қатарға шықты.

Бағдарламада кәсіпкерлердің қаржылық, мүлкітік және ақпараттық ресурстарға қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған 20-дан астам іс-шараларды қамтитын шаралар кешені көзделген.

Ресей Экономикалық даму министрлігі бағдарламасы аясында өңірлерде ШОК-ты қолдау инфрақұрылымының желісі құрылып жатыр:

- \* кредит беруге жәрдемдесу қорлары (кепілдік қорлар, кепілгерлік қорлары);
- \* микрокредиттік ұйымдар;
- \* кәсіпкерлікті қолдау орталықтары;
- \* әлеуметтік саланың инновация орталықтары;
- \* кластерлік даму орталықтары;
- \* өңірлік инжиниринг орталықтары;
- \* прототиптеу орталықтары;
- \* сертификаттау, стандарттау және сынау орталықтары;
- \* халықтық-көркем кәсіп орталықтары;
- \* экспортты қолдау орталықтары;
- \* бизнеске арналған көпфункционалды орталықтар;
- \* өнеркәсіптік, индустриялық, агроөнеркәсіптік парктер;
- \* технопарктер;
- \* жеке өнеркәсіптік парктер;
- \* бизнес-инкубаторлар.

Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлігін дамыту, оны оқушылар арасында насихаттау және балалардың инновациялық шығармашылығын қолдау үшін, оның ішінде оларды кәсіби іске асыру үшін Министрлік Жастар инновациялық шығармашылық орталықтарын құруға субсидия бөледі.

Мемлекеттік қолдаудың «тікелей» шараларының бір бөлігін іске асыру монопрофильді муниципалдық құрылымдардың ШОК дамыту бағдарламалары шеңберінде көзделген. Айталық, аталған іс-шараны іске асыру кезінде моноқалаларда тіркелген ШОК субъектілеріне өндірісті жаңғыртуға арналған шығындарды өтеуге субсидиялар, франшиза бойынша бастаушы кәсіпкерлерге гранттар және әлеуметтік кәсіпкерлерге субсидиялар беріледі.

**Шағын және орта кәсіпкерлікке кредит беру.** Ресей экономикалық даму министрлігі шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау шаралары кешенін жүзеге асыруда.

ШОК субъектілерінің кредиттік және өзге де қаржы ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету, шок субъектілеріне кепілдемелер мен тәуелсіз кепілдіктер беру жүйесін дамыту үшін Экономикалық даму министрлігінің қолдау бағдарламасы шеңберінде несиелеуге жәрдемдесу қорларын (кепілдік қорларын, кепілгерлік қорларын) құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар көзделген, олардың қызметі Министрліктің қабылданған бұйрығымен реттеледі.

Бұдан басқа, Өңірлік кепілдік ұйымдарының әлеуетін кеңейту үшін Экономикалық даму министрлігі 2020 жылға дейінгі кезеңге шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың ұлттық кепілдік жүйесін дамыту стратегиясының (бұдан әрі – ҰКЖ) негізгі ережелері бекітілді.

Ұлттық кепілдік жүйесін іске асыру шеңберінде кәсіпкерлермен өзара іс-қимыл рәсімдері жетілдіріліп, ресурстарды пайдалану тиімділігі артады, жаңа кепілдік өнімдер әзірленіп жатыр. Жүйе ШОК субъектілеріне кепілдік қолдау көрсетудің үш деңгейлі мақсатты моделін енгізуді көздейді:

Бірінші деңгей - «Корпорация «МСП» АҚ: орта және ірі жобалар үшін кепілдіктер, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруді ынталандыру бағдарламасы шеңберінде кепілдемелер беру («Программа- 6,5»);

Екінші деңгей - «МСП Банк «АҚ: «ағынды» технологиялар шеңберінде кепілдіктер беру;

Үшінші деңгей - «ағынды» технологиялар шеңберінде өңірлік кепілдік ұйымдардың кепілдемелерін ұсыну.

«Корпорация «МСП» АҚ ШОК субъектілеріне берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету үшін Ресей Экономикалық даму министрлігімен және Ресей Банкімен бірлесіп «Программа-6,5»



іске асырылуда. Осы бағдарлама бойынша негізгі қарыз алушы үшін пайыздық мөлшерлеменің мөлшері орта кәсіпорындар үшін 9,6%-ға дейін және шағын кәсіпорындар үшін 10,6%-ға дейінгі мөлшерлемені құрайды. Бағдарламаға 32 уәкілетті банк қатысады, оның жұмысын РФ Экономикалық даму министрі Максим Орешкиннің төрағалығымен ШОК корпорациясының Директорлар кеңесі үйлестіреді.

Бұдан басқа, микробизнеске қарыз қаражатына үлкен қажеттілік байқалады, онда белгілі бір себептермен дәстүрлі банк өнімдерін (кредиттің аз сомасы, кредиттік тарихтың болмауы, елді мекеннің алыстығы және т.б.) пайдалануға мүмкіндігі жоқ. Бұл үшін ШОК-ты қолдау бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін микро кредиттік ұйымдарын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Мұндай МКҰ 3 жылдан аспайтын мерзімге 3 млн.рубльге дейін микроқарыздарды ұсынады. Бұл ретте қарыз алушы үшін мөлшерлеме 10%-дан аспауы тиіс.

**Шағын және орта бизнес саласындағы халықаралық ынтымақтастық.** Ресейдің экономикалық даму министрлігі Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты мынадай ұйымдардың қызметіне қатыса отырып дамытады: ЭЫДҰ, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастық, БРИКС, Одақтас Мемлекет (одақтас мемлекеттегі шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту жөніндегі жұмыс тобы), ТМД (ТМД – ға қатысушы мемлекеттердегі шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Консультативтік кеңес), Еуразиялық экономикалық комиссия (Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Консультативтік комитет).

**Халықаралық диалог бірқатар елдермен екіжақты форматта жүзеге асырылады:**

\* Финляндия - Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Ресей-Финляндия мемлекетаралық үкіметтік комиссиясының кәсіпкерлік (шағын және орта кәсіпорындар) жөніндегі жұмыс тобы;

\* Австрия - сауда және экономикалық ынтымақтастық жөніндегі аралас Ресей-Австрия комиссиясының шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі жұмыс тобы;

\* Италия - Ресей-Италия өнеркәсіптік аймақтар, шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобы;

\* Франция - Ресей-Француз Кеңесі жанындағы экономика, қаржы, өнеркәсіп және сауда мәселелері жөніндегі жұмыс тобы);

\* Жапония - Жапонияның Экономика, сауда және Өнеркәсіп министрлігімен Меморандум (шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастық бойынша платформалар құру туралы);

\* Қытай - ҚХР Коммерция министрлігімен Меморандум.

Халықаралық бағыт шеңберінде экспортты-бағдарланған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін – экспортты қолдау орталықтарының мамандандырылған инфрақұрылымы қызметін үйлестіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

## Бөлім бойынша пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі

1. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметі. <http://www.gks.ru/>
2. РФ Экономикалық даму министрлігі. <http://economy.gov.ru> ескерту.
3. 2019 жылғы екінші тоқсандағы бөлшек сауда айналымы. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметіне шолу.
4. 2019 бірінші тоқсандағы көтерме сауда айналымы. РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметіне шолу.
5. РФ Федералдық салық қызметі <https://rmsp.nalog.ru/>

# 2


2019 жылдың үшінші тоқсанында  
ЕАЭО елдеріндегі кәсіпкерліктің  
даму үрдістері



## 2.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы ЕАЭО елдерінде бизнес жүргізудегі макроэкономикалық жағдайдың салыстырмасы

2019 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша ЕАЭО елдері арасында ЖІӨ өсімінің қарқыны бойынша бірінші орын 7,5% көрсеткішпен Армения Республикасына тиесілі, екінші орында Қырғызстан – 5,7%, үшінші орында Қазақстан – 4,1% көрсеткішімен орналасты, 2.1.1. суретті қараңыз.

**2.1.1.- сурет. 2019 жылдың үшінші тоқсанында ЕАЭО елдерінің ЖІӨ өсу қарқыны бойынша орналасуы %**



Дереккөз: ЕАЭО елдерінің ұлттық статистикалық мекемелерінің мәліметтері

Жалпы өнеркәсіптің өсу қарқыны бойынша 2019 жылдың үшінші тоқсанында 16,8%, көрсеткішімен көш бастап тұрған Қырғызстан, екінші орында Армения (+9,7%), үшінші орында Қазақстан (+3,3%), 2.1.1. кестені қараңыз.

**2.1.1. кесте. 2019 жылғы өнеркәсіптің өсу қарқыны бойынша ЕАЭО елдерінің орналасуы, %.**

ЕАЭО елдері	Өнеркәсіптің өсу қарқыны, %
Беларусь Республикасы	0,7
Қырғызстан	16,8
Армения	9,7
Қазақстан	3,3
Ресей	2,7

Дереккөз: ЕАЭО елдерінің ұлттық статистикалық мекемелерінің мәліметтері

**Ауыл шаруашылық** саласында қазақстандық кәсіпкерлер жақсы серпін көрсеткен – 2018 жылдың төртінші тоқсанына 3,4% қосылған, ауыл шаруашылығында өсу қарқыны жағынан екінші орында Қырғызстан 2,7% көрсеткішімен орналасты, ал ЕАЭО қалған елдерінде ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісінің көлемі төмендеген, 2.1.2. кестесін қараңыз.

**2.1.2. кесте. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы ауыл шаруашылығындағы өсу қарқыны бойынша ЕАЭО елдерінің орналасуы**

ЕАЭО елдері	Ауыл шаруашылығының өсу қарқыны, %
Беларусь Республикасы	2,8
Қырғызстан	1,8
Армения	- 4,8
Қазақстан	- 0,5
Ресей	3,6

Дереккөз: ЕАЭО елдерінің ұлттық статистикалық мекемелерінің мәліметтері

**Ауыл шаруашылығы саласы бойынша** ЕАЭО елдері арасында +3,6% көрсеткішімен РФ көш бастап тұр, одан кейін Беларусь Республикасы +2,8%, көшбастап тұрған үштікті аяқтаушы ел Қырғызстан 1,8%.

**Құрылыстың өсу қарқыны** 2019 жылғы 3 тоқсандағы қорытындысы бойынша ЕАЭО елдері арасында бірінші орынды Қазақстан алып отыр. Құрылыста өсуінде теріс қарқын Арменияда байқалды – өткен жылғы сәйкесінше мерзімдегі көрсеткішке қарағанда 15,1% құрады.

Росстаттың мәліметтері бойынша 2019 жылғы 3 тоқсанда құрылыс саласында кішігірім өсу байқалды (- 0,3 % ж/ж).

### 2.1.3. кесте. 2019 жылғы 3 тоқсанның қорытындысы бойынша құрылыстың өсу қарқыны бойынша ЕАЭО елдерінің орналасуы, %.

ЕАЭО елдері	Құрылыстың өсу қарқыны, %
Беларусь Республикасы	5,1
Қырғызстан	5,0
Армения	-15,1
Қазақстан	13,5
Ресей	0,3

Дереккөз: ЕАЭО елдерінің ұлттық статистикалық мекемелерінің мәліметтері

**Көлік қызметі бойынша** 2019 жылдың үшінші тоқсанда мәліметтерді зерттеу жүргізу кезінде статистикалық мекемелердің барлығы бірдей жарияламаған. Жүк тасымалының өсу қарқынының көрсеткіштері жарияланған ЕАЭО елдері:

- Беларусь Республикасы – минус 5,7%;
- Қазақстан Республикасы - плюс 1,6%;
- Ресей Федерациясы – минус 0,2%.
- Армения Республикасы- плюс 47%
- Қырғызстан Республикасы – плюс 5,1%

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда ЕАЭО барлық елдерінде, +47% көрсеткішті көрсеткен Армения елінен басқасында, жүк тасымалының өсу қарқынында кішігірім баяулау болғанын көрсетіп отыр. Армениядағы оң қарқын жалпы экономиканың өсуімен тікелей байланысты. Ал 2019 жылдың үшінші тоқсанында көлік саласындағы өсу қарқыны РФ (-0,2%) және Беларусияда (-5,7%) қысқарған.

Бөлшек сауда өсуінің қарқынының көрсеткіштері кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін, халықтың сатып алу қабілетін сипаттайтын маңызды көрсеткіштері болып табылады. 2018 жылғы төртінші тоқсанда ЕАЭО елдерінің барлығы, Қырғызстан мен Ресейді қоспағанда, 5% астам өсу қарқынын көрсетті, 2.1.4. кестені қараңыз.

### 2.1.4. кесте. 2019 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша бөлшек сауда өсуінің қарқыны бойынша ЕАЭО елдерінің орналасуы, %.

ЕАЭС елдері	Сауда өсімінің қарқыны, %
Беларусь Республикасы	5,0
Қырғызстан	4,6
Армения	8,8
Қазақстан	7,5
Ресей	1,4

Дереккөз: ЕАЭО елдерінің ұлттық статистикалық мекемелерінің мәліметтері

## 2.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы ЕАЭО елдерінің өзара және сыртқы саудасы

Сыртқы сауда және оның құрылымы ұлттық экономикалардың даму деңгейін және жаһандық нарықтардың өзгерістеріне тәуелділігін көрсетеді. Тауар айналымының абсолюттік көлемі бойынша ЕАЭО елдерін салыстыру қисынсыз болады, сондықтан 2019 жылғы қаңтар-қыркүйектегі салыстырмалы көрсеткіштерді қарастырып көрейік (зерттеу дайындау кезіндегі мәліметтер).

ЕАЭО тыс елдермен Еуразиялық экономикалық одақтың тауармен сыртқы саудасының көлемі 2019 жылғы қаңтар-қыркүйекте 753,4 млрд. АҚШ долларды құрады, оның ішінде экспорт - 490,6 млрд. доллар, импорт - 262,8 млрд. долларды құрады. 2017 жылмен салыстырғанда сыртқы сауда көлемі 18,8%-ға немесе 103,7 млрд. долларды, импорт - 6,3%-ды, немесе 15,5 млрд. долларды құрады.

Тауарлармен сыртқы сауданың теріс сальдосы 2017 ж. қаңтар-желтоқсанда 139,6 млрд. доллардан 2019 ж. қаңтар-қыркүйекте 227,8 млрд. долларға артты.

### 2.1.5. кесте. Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО-дан тыс елдерімен тауарлармен сыртқы саудасы

Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО-дан тыс елдерімен 2019 жылғы қыркүйектегі тауарлармен сыртқы саудасы 61,3 млрд. АҚШ долларды құрады, оның ішінде экспорт - 38,8 млрд. долл., импорт - 22,5 млрд. долл. Өткен жылғы қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда айналым 5%-ға немесе 3,2 млрд. долл. төмендеген, экспорт - 10,8%-ға немесе 4,7 млрд. долл., импорт 7,1%-ға немесе 1,5 млрд. долларға артты. Тауарлармен сыртқы сауданың оң сальдосы 2018 жылғы қыркүйектегі 22,5 млрд. доллмен қарағанда 16,3 млрд. долларды құрады.

#### Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО-дан тыс елдерімен тауарлармен сыртқы саудасы

	қыркүйек 2019 жыл		Қаңтар-қыркүйек 2019 жыл		Анықтама: 2019 жылғы тамыз (нақтыланған мәлімет бойынша)	
	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы тамызға % қатысы
<b>ЕАЭО айналым</b>	<b>61 253,9</b>	<b>95,0</b>	<b>535 344,5</b>	<b>97,5</b>	<b>61 261,5</b>	<b>95,0</b>
экспорт	38 780,0	89,2	338 160,1	95,2	37 258,8	89,9
импорт	22 473,9	107,1	197 184,4	101,9	24 002,7	104,2
сальдо	16 306,1		140 975,7		13 256,1	
оның ішінде:						
<b>Армения айналым</b>	<b>553,8</b>	<b>136,9</b>	<b>3 953,6</b>	<b>104,2</b>	<b>471,2</b>	<b>103,8</b>
экспорт	181,9	149,9	1 376,7	108,4	175,0	127,6
импорт	371,9	131,3	2 576,9	102,0	296,2	93,5
сальдо	-190,0		-1 200,2		-121,2	
<b>Беларусь айналым</b>	<b>2 975,8</b>	<b>98,1</b>	<b>26 351,8</b>	<b>99,3</b>	<b>3 138,4</b>	<b>101,5</b>
экспорт	1 597,0	86,0	13 919,5	92,5	1 718,6	97,7
импорт	1 378,8	117,3	12 432,3	108,2	1 419,8	106,5
сальдо	218,2		1 487,2		298,8	

\* 1 Материал Еуразиялық экономикалық одақтың ресми статистикалық ақпараттарын қалыптастыру және тарату тәртібі туралы Хаттамаға сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартына 4 қосымша) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынған мәліметтер негізінде дайындалды.

Мәліметтер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлармен өзара саудасының статистикасын жүргізу әдіснамасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлармен сыртқы саудасының кедендік статистикасын жүргізу әдіснамасында анықталған (ЕЭК алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 210 шешімі) ережелер мен жүйеге сәйкес әзірленді.

	қыркүйек 2019 жыл		Қаңтар-қыркүйек 2019 жыл		Анықтама: 2019 жылғы тамыз (нақтыланған мәлімет бойынша)	
	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы тамызға % қатысы
<b>Қазақстан айналым</b>	<b>6 771,5</b>	<b>102,7</b>	<b>55 613,3</b>	<b>102,3</b>	<b>6 360,2</b>	<b>99,0</b>
экспорт	4 715,0	96,1	38 291,8	95,4	4 059,0	87,5
импорт	2 056,5	121,9	17 321,5	121,6	2 301,2	128,7
сальдо	2 658,5		20 970,3		1 757,8	
<b>Қырғызстан айналым</b>	<b>372,3</b>	<b>109,3</b>	<b>3 048,5</b>	<b>97,2</b>	<b>305,5</b>	<b>103,3</b>
экспорт	111,7	107,3	912,2	121,0	54,8	76,7
импорт	260,6	110,2	2 136,3	89,7	250,7	111,8
сальдо	-148,9		-1 224,1		-195,9	
<b>Ресей айналым</b>	<b>50 580,5</b>	<b>93,5</b>	<b>446 377,3</b>	<b>96,8</b>	<b>50 986,2</b>	<b>94,1</b>
экспорт	32 174,4	88,2	283 659,9	95,1	31 251,4	89,7
импорт	18 406,1	104,6	162 717,4	99,9	19 734,8	101,9
сальдо	13 768,3		120 942,5		11 516,6	

ЕАЭО-ден тыс елдермен сыртқы сауда айналымының көлемі 2019 жылғы тамыздағы көрсеткішпен салыстырғанда алдыңғы айдағы деңгейде сақталды, экспорт 4,1% артқын, ал импорт 6,4% -ға төмендеген.

Еуразиялық экономикалық одақтың<sup>2</sup> өзара сауда көлемі 2019 жылғы қыркүйекте 5 142,8 млн. долларды құрады. 2018 жылы қыркүйекте оның көлемі 5,1% немесе 249,1 млн. долларға артты, алдыңғы айдағы көрсеткішке қарағанда 3,3%-ға немесе 173,6 млн. долларға қысқарды.

#### ЕАЭО мүше елдерінің тауарлармен сыртқы саудасы

	Қыркүйек 2019 жыл		Қаңтар-қыркүйек 2019 жыл		Анықтама: 2019 жылы тамыз (нақтыланған мәліметтер бойынша)	
	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы қаңтар-қыркүйекке % қатысы	млн. АҚШ долл.	2018 жылғы тамызға % қатысы
<b>ЕАЭО оның ішінде:</b>	<b>5 142,8</b>	<b>105,1</b>	<b>44 147,1</b>	<b>98,7</b>	<b>5 316,3</b>	<b>101,7</b>
Армения	60,9	99,5	532,6	106,4	67,4	91,1
Беларусь	1 284,1	115,4	10 671,5	103,5	1 252,0	102,7
Қазақстан	440,5	96,6	4 434,5	97,2	557,4	117,2
Қырғызстан	45,1	129,5	444,3	96,4	54,7	167,2
Ресей	3 312,2	102,6	28 064,2	97,1	3 384,8	98,8

\* Өзара саудадағы экспорттық операциялардың көлемі.


#### 2019 жылдың қаңтар-қыркүйектегі ЕАЭО мүше мемлекеттердің тауарлармен сыртқы саудасы (миллион АҚШ доллар)

	Айналым	Экспорт	Импорт	Сальдо	2018 ж. қаңтар Қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы		
					айналым	экспорт	импорт
Армения	1 686,1	532,6	1 153,5	-620,9	109,7	106,4	111,3
Беларусь	26 695,3	10 671,5	16 023,8	-5 352,3	98,3	103,5	95,2
Қазақстан	14 752,4	4 434,5	10 317,9	-5 883,4	98,8	97,2	99,6
Қырғызстан	1 960,1	444,3	1 515,8	-1 071,5	97,1	96,4	97,2
Ресей	42 962,8	28 064,2	14 898,6	13 165,6	99,6	97,1	104,6

**2019 жылдың қаңтар-қыркүйектегі әлемнің басқа елдерімен ЕАЭО мүше мемлекеттердің тауарлармен сыртқы саудасы (миллион АҚШ доллар)**

	Айналым	Экспорт	Импорт	Сальдо	2018 ж. қаңтар-қыркүйектегі көрсеткішке % қатысы		
					айналым	экспорт	импорт
Армения	5 639,7	1 909,3	3 730,4	-1 821,1	105,8	107,9	104,7
Беларусь	53 047,1	24 591,0	28 456,1	-3 865,1	98,8	97,0	100,5
Қазақстан	70 365,7	42 726,3	27 639,4	15 086,9	101,5	95,6	112,3
Қырғызстан	5 008,6	1 356,5	3 652,1	-2 295,6	97,2	111,7	92,7
Ресей	489 340,1	311 724,1	177 616,0	134 108,1	97,1	95,3	100,3

**2.3.1. сурет. «Doing Business-2019» рейтингінде бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша ЕАЭО елдерінің орналасуы.**



Дереккөз: Doing Business ресми сайты

Дүниежүзілік Банктің толықтырылған мәліметтерге сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттердің ағымдағы жағдайлар жоғары кестеде көрсетілген ретте қалыптасты. Беларусь елі рейтинг бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың басқа елдерінен артта қалды. Өткен жылы Қазақстан рейтингтегі көрсеткішін 28-орыннан 25-орынға көтерілді. Ресей де өз көрсеткішін жақсартып, 31-орыннан 28-орынға орналасты. Арменияда Беларусьпен алға шықты: ол 47-орынға орналасты (өткен жылы – рейтингте 41-орында болған). ЕАЭО елдері арасында ең төменгі көрсеткіш Қырғызстан алып отыр – 80-орын, өткен жылы 70-орында болған.

Doing Business жаһандық рейтингте төрт жыл қатарынан Жаңа Зеландия көш бастап тұр. Екінші орында Сингапур, үшінші орында – Гонконг. Кәсіпкерлік қызметке неғұрлым қолайлы жағдай қалыптасқан бастапқы он елдер қатарында: Дания, Оңтүстік Корея, АҚШ, Грузия, Ұлыбритания, Норвегия және Швеция елдері.

Doing Business жаһандық рейтингтің жиынтық бағасы 10 көрсеткіштен тұрады: кәсіпорындарды тіркеу, құрылысқа рұқсат алу, электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу, меншікті тіркеу, кредит алу, миноритарлық инвесторларды қорғау, салық салу, халықаралық сауда, келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету және төлем қабілетсіздігін шешу (банкроттық процедурасының қолжетімділігі).



# МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР .....	3
КІРІСПЕ .....	4
1. 2019 жылдың III тоқсанындағы ЕАЭО елдерінде шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	5
1.1. Қырғыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	5
1.1.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Қырғыз Республикасындағы макроэкономикалық жағдай .....	6
1.1.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Қырғызстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы .....	16
1.1.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Қырғызстанның сыртқы экономикалық қызметі .....	20
1.1.4. 2019 жылы Қырғызстанда ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу .....	26
1.2. Армения Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	29
1.2.1. 2019 жылдың үшінші тоқсандағы Армения Республикасындағы макроэкономикалық жағдай .....	30
1.2.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Армения Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы .....	36
1.2.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Армения Республикасының сыртқы экономикалық қызметі .....	37
1.2.4. 2019 жылдың бірінші жартысында Армения экономикасы бойынша талдамалы деректер .....	43
1.3. Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	45
1.3.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Беларусь Республикасының макроэкономикалық жағдайы .....	46
1.3.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	60
1.3.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Беларусь Республикасында сыртқы экономикалық қызмет .....	62
1.3.4. 2019 жылдағы БР ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу .....	66
1.4. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	69
1.4.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстан Республикасындағы макроэкономикалық жағдай .....	70
1.4.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы .....	75
1.4.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметі .....	77
1.4.4. 2019 жылы ҚР ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу .....	80
1.5. Ресей Федерациясындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері .....	83
1.5.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдай .....	84
1.5.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында Ресей Федерациясындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы .....	89
1.5.3. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы Ресейдің сыртқы сауда қызметі .....	92
1.5.4. 2019 жылдағы РФ ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары және экономиканы реттеу .....	92
2. 2019 жылдың үшінші тоқсанында ЕАЭО елдеріндегі кәсіпкерліктің даму үрдістері .....	95
2.1. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы ЕАЭО елдерінде бизнес жүргізудегі макроэкономикалық жағдайдың салыстырмасы .....	96
2.2. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы ЕАЭО елдерінің өзара және сыртқы саудасы .....	98





«Астана қаласының жас мүгедектері» ҚБ басылды  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Көкарал к., 2/1  
Тел.: +7 (7172) 57-99-06

04.11.2019 ж. басуға қол қойылды  
Пішімі 60x84 1/8. Қаріп түрі PT Sans Narrow.  
Шартты 12,75 б. л. Таралымы 150. Тапсырыс № 2049.